

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Каюпов Руслан Мұхамедәліұлы

**МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТАҒЫ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ
МОДЕЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ОҢТАЙЛАНДЫРУ**

«7М041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7М04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін «7М04105 –
Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____ Гаипов З.С., с.ғ.д.

Жоба (зерттеу) қорғауға жіберілді: « ____ » _____ 2024ж.

Басқару институтының директоры _____ Гаипов З.С., с.ғ.д

Астана, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
НЕГІЗГІ БӨЛІМ.....	7
1-тарау: Мемлекеттік саясаттағы реформалардың ұлттық моделін қалыптастыру және оңтайландыру тақырыбының маңыздылығы....	12
2-тарау: Шетелдік тәжірибе және ұсынымдар мен жүзеге асыру механизмдері.....	31
ҚОРЫТЫНДЫ.....	37
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	40
ҚОСЫМШАЛАР.....	42

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

«Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы;

«Қазақстан-2050» Стратегиясы;

«Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 470 Қаулысы;

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» Заңы;

«Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	– Қазақстан Республикасы
БАҚ	– Бұқаралық ақпарат құралдары
ҰҚ	– Ұлттық Құрылтай
ҚҚДИ	– Қазақстандық қоғамдық даму институты
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
ҚСЗИ	– Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты
ОА	– Орталық Азия
ҚК	– Қоғамдық кеңес
ЖАО	– Жергілікті атқарушы орган
ОМО	– Орталық мемлекеттік орган
ММ	– Мемлекеттік мекеме
ҮЕҰ	– Үкіметтік емес ұйымдар

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі. Бүгінгі таңда Мемлекеттік саясаттағы реформалардың ұлттық моделін қалыптастыру және оңтайландыру тақырыбы өте өзекті мәнге ие болып отыр.

Мемлекеттік басқарудың ұлттық моделін қалыптастыру мен жүзеге асыру үшін жаһандық және ішкі қайшылықтардан туындаған жаңа қатерлер бағытын дер кезінде болжамдай алатын, өз халқын ұлттық құндылықтарына арқа сүйейтін, қоғамда мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда бір мақсатқа жұмылдыра алатын мықты мемлекет қажет. Осы тұрғыдан аланда жобаның өзектілігі айқын көрінеді.

Еліміздегі 2019 жылдан бастау алған мемлекеттік басқару саласындағы реформалар қоғам өміріне бірқатар серпіліс берді. Қазақстанда мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілген. Бұл тұжырымдама мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыруды қарастырады. Ол халық үніне құлақ асатын, әділ, тиімді, ашық, қоғамның сұранысына жедел ден қоятын, есептілікті қамтамасыз ететін модельді қарастырады.

Басқарудың ұтымды жүйесін қалыптастыру үшін қолданылатын негізгі қағидаттар:

- Мемлекеттік басқаруды дамытуда бірыңғай саясат қалыптастыру.
- Мемлекеттік аппараттың кәсібилігі мен тиімділігін арттыру.
- Мемлекеттік органдар сапалы мемлекеттік қызметтер ұсынуға бағдарлау.
- Мемлекеттік аппараттың ашықтығын қамтамасыз ету.

Мемлекеттің саясатты жүзеге асыру мен мемлекетті басқаруда қоғамның барлық мүдделі тараптарын процеске тарта отырып, "төменнен-жоғарыға" қағидатын негізге алған жөн деп ойлаймыз. Осы жағдайда ғана қоғамдығы қабылдаған реформаларды жүзеге асыру процесі баянды болмақ. Сонымен бірге, мемлекеттік саясатта сол елдің «ұлттық егемендігі», яғни ұлттық реңі де ескерілгені абзал болар еді деп пайымдаймыз.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:

Мемлекеттік саясаттағы реформалардың ұлттық моделін қалыптастыру және оңтайландыру тақырыбында зерттеудің мақсаты мен міндеттері қазіргі таңда өте маңызды.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты - мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру және оңтайландырудың жолдарын анықтау, олардың әрекеттілігін тексеру және олардың қоғамдық өнімділікке қолдауын бағалау.

Ол өз кезегінде төмендегідей міндеттері қамтамасыз етеді:

- Мемлекеттік басқарудың жаңа моделінің құрылымын, қызмет көрсету стандарттарын және қызмет көрсету процесстерін зерттеу.
- Ұлттық Құрылтай жұмысын жетілдіру және оны зор ықпалға ие саяси институт ретінде дамыту;
- Мемлекеттік басқарудың жаңа моделінің қолданылуын және оның әрекеттілігін жақсарту үшін ұсыныстар әзірлеу.

Бұл зерттеу мемлекеттік басқарудың жаңа моделінің қалыптастыру және оңтайландырудың жолдарын анықтауға және олардың әрекеттілігін тексеруге бағытталады.

Зерттеу объектісі мен пәні:

Зерттеу объектісі - мемлекеттік басқарудың жаңа моделі ретінде ұрастырылады. Бұл модель қоғамдық қатынастарды мен қоғамдық өмір сұраныстарына жауап беру үшін маңызды.

Зерттеу пәні - басқарудың жаңа моделін қалыптастыру мен оңтайландыру процесстерін, олардың әрекеттік қабілеттілігін тексеру және бағалау. Бұл қоғамдық қатынастарды жетілдіру және қоғамның сұраныстарына лайықты жауап беруде зор маңызға ие.

Теориялық және практикалық маңызы:

Қызмет көрсету сапасын жақсарту, жоспарлаудың стратегиялық тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтер көрсетудің ұлттық ұстанымдарға негізделген жаңаша форматына өтуді қамтамасыз етеді.

Теориялық маңызы: Мемлекеттік басқарудың жаңа моделі қоғамның сұранысына жедел ден қоятын, есеп беретін модель болуы тиіс. Бұл модель мемлекеттік басқарудың қолданыстағы тетіктерін жаңғырту мен жаңаларын құруға бағытталады.

Практикалық маңызы: Жаңа ұлттық ұстанымдарға негізделген үлгісін, мемлекеттік басқару жүйесін дамытудың бірыңғай саясатын қалыптастыру, мемлекеттік аппараттың кәсібилігі мен тиімділігін арттыру, халыққа сапалы мемлекеттік қызметтерді бағдарлау, мемлекеттік аппарат қызметінде жариялылық, ашықтықты қамтамасыз ету.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу:

Зерттеу нәтижелері ғылыми конференциялар мен семинарларда баяндалады, сонымен қатар Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру және оңтайландыру процесінде пайдаланылуы мүмкін.

Жариялыным – «Мемлекеттік саясаттағы реформалардың ұлттық моделін қалыптастыру және оңтайландыру тақырыбында» "XXI Ғасырдағы ғылыми мақсаттар мен міндеттер" VI Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағында мақала жарияланды. (19-20 Наурыз 2024 жыл) Сиэтл, АҚШ. (*Proceedings of the 6th International Scientific and Practical Conference «Scientific Goals and Purposes in XXI Century» (March 19-20, 2024). Seattle, USA*)

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әдебиеттерге шолу

Қазақстан контекстінде "мемлекеттік саясаттағы реформалардың ұлттық моделін қалыптастыру және оңтайландыру" тақырыбындағы әдеби шолу:

1. "Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" [1]. Бұл құжат Қазақстанда Мемлекеттік басқарудың 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы туралы, оның ішінде адамдарға бағдарланған мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру туралы ақпаратты қамтиды.

2. "Қазақстандағы реформалар: ниеттен іс-әрекетке. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа курсы " [2]. Бұл дереккөз Қазақстандағы реформаларды және ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа бағытын, оның жаңа бағытының тұжырымдамалық аспектілерін және ауыл әкімдерін сайлауға көшуді талқылайды.

3. "Қазақстан-2050" Стратегиясы шеңберінде білім беру саласындағы басымдықтар " [3]. Бұл дереккөз "Қазақстан-2050" Стратегиясы шеңберінде білім беру саласындағы басымдықтарды талқылайды.

Бұл Қазақстанның мемлекеттік саясатындағы реформалардың ұлттық моделінің қалай қалыптасқанын және оңтайландырылғанын түсінуге көмектеседі.

Ғалым, саясаттану ғылым докторы Ж.Қуаныштың «Егемен Қазақстан» газетіндегі мақаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 26 ақпандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі «Ең алдымен адамдар» – адамға бағдарланған моделін қалыптастыру туралы алты бөлімнен тұратын Тұжырымдамасы ағымдағы жағдайды талдаудан бастап, халықаралық тәжірибеге шолу мен мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаттары сараланған деген пікір айтады [4].

Мұндағы басты мақсат – адамдарға бағдарланған мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру және осы тұжырымдаманы іске асырудың жолдарын айқындау. Қазіргі әлемдік ахуалдың турбуленттілік, өсіп келе жатқан құбылмалылық, әлеуметтік, экономикалық және саяси дамудың белгісіздігі дәуіріне аяқ басып отырғандығын ескере отырып, осынау ауқымды сын-кәтерлерді еңсеру барысында мемлекетке деген қоғамдық сенім, оның өзгерістерге дайындығы мәселесі ерекше маңызға ие болмақ. Өйткені қоғамда неғұрлым тиімді мемлекеттік басқаруға, азаматтардың басқарушылық шешімдер қабылдауға қатысуына деген сұраныс бар. Оның басты себебі мемлекеттік басқарудың қолданыстағы әкімшілік-бақылауға негізделген моделінің халықтың үмітін толықтай ақтамағандығында сияқты.

Бүгінгі таңда мемлекеттік басқарудың сервистік және адамға бағдарланған моделі әлі қалыптаспай отыр.

Осыған орай Тұжырымдамада мемлекеттік секторды трансформациялаудың мағыналық бағыты көрсетілген және мемлекеттік басқаруды жаңғыртудың негізгі қағидаттары, міндеттері мен тәсілдері айқындалған. Ол азаматтардың

мемлекетпен өзара іс-қимылын жақсартуды, стратегиялық жоспарлаудың тиімділігін, мемлекеттік қызметтің кадр құрамының сапасын, квазимемлекеттік сектордың тиімділігін арттыруды, мемлекеттік аппаратты оңтайландыруды және мемлекеттік қызметтер көрсетудің проактивті форматына көшуді, жергілікті өзін өзі басқаруды дамытуды, реттеушілік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіруді, сондай-ақ сот және құқық қорғау жүйелерін өзгертуді көздейді.

Ол міндеттерді мемлекеттік басқарудың жаңа моделінің негізгі қағидаттары тұрғысынан айқындаумен және оны әзірлеуде кешенділік көзқарастың болуымен ерекшеленеді.

Арнайы жүргізілген жұмыстардың негізінде Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың жаңа моделі «Халық үніне құлақ асатын», әділ, тиімді, ашық, қоғамның сұранысына жедел ден қоятын, есеп беретін, кәсіби және прагматикалық мемлекет сияқты қағидаттарына негізделетін болады. Мемлекеттік басқарудың бұл қағидаттары мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен оны іске асыруда, сондай-ақ мемлекеттік шешімдерді қабылдауда бағдар болмақ.

Әбішев Ғ.С. «Ұлттық құрылтай жұмысының саяси аспектісі» тақырыбындағы талдау баяндамасында қазіргі демократиялық дискурс биліктің халықпен кеңесуін электоралды процедура арқылы, сайлау науқаны мен референдум кезеңінде ғана емес, сонымен қатар, азаматтардың басым бөлігінің немесе жергілікті халықтың өміріне қатысты саяси шешім қабылдау процесінде үздіксіз жүргізілуін талап етіп отыр дейді [5].

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы маусымда Президент сайлауындағы жеңісінен кейін бірден Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» идеясын жариялаған болатын. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі жоғары саяси биліктің ауысуын жеделдетіп, толыққанды саяси транзитке өтуде саяси реформалардың бірнеше пакетін әзірлеуге белсене қатысты.

Мемлекет басшысы 2022 жылы биліктің соңғы трансфері аяқталғаннан кейін Ұлттық кеңесті Ұлттық құрылтайға өзгертіп, аталған азаматтық жиналыстың институт ретіндегі жүйелік сипатын айқын көрсетіп берді.

Шын мәнінде, Президент Қ. Тоқаев Қазақстанда барлық мүдделі қоғамдық топтардың билікпен және өзара сапалы саяси коммуникация негізге алынған демократияның делиберативті моделін құру курсы бекітті. Оның мәні – делиберативті демократияның қоғамдық пікірге сүйенген (*еркін мазмұнды пікірталас нәтижесінде алынған*), рационалды негізделген, ең қолайлы үлгісін табу.

Тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік басқару реформасы қазіргі заманның негізгі проблемаларының бірі болып табылады. Экономикалық реформалардың барысы, қоғамды демократияландыру жолымен ілгерілеу және тұтастай алғанда елді тұрақтандыру мен дамыту көбінесе мемлекеттік басқару жүйесі мен шенеуніктердің кәсібилігіне, олардың құқықтық қабілеттілігі мен бастамашылығына, елдің таңдаған бағытын ұстануына байланысты екені айқын болады [6].

А.И. Турчиновтың пікірінше мемлекеттік қызметті дамытудың бірқатар проблемалары бар. Олардың арасында мыналарды бөліп көрсетуге болады: «Реформаның теориялық тұрғыдан жеткіліксіз пысықталуы; мемлекеттік қызметті тиімді басқарудың болмауы; ақпараттық қамтамасыз етудің әлсіздігі, сараптамалық кулуарлық, қоғамдық пікірді ескерудің болмауы; мемлекеттік қызметті реформалау мен дамыту міндеттерін орталықсыздандыру; нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудің артта қалуы; кадрлық қамтамасыз ету проблемалары; реформа әртүрлі субъектілер мүдделерінің соқтығысу аренасы ретінде; мемлекеттік органдар өкілеттіктерінің бұлдырлығы; шетелдік тәжірибеге сыни көзқарас; саяси жағдайға қатаң тәуелділік» [7].

Өтпелі кезеңде және одан кейінгі кездергі даму барысында, әсіресе ХХІ ғасырдың табалдырығында Қазақстанда бірнеше үлгілер ұсынылды және ұлттық идея төңірегінде академик Ә. Нысанбаев бастаған қызу пікірталастар баспасөз бетінде жарияланды. Бұл тақырыпқа қатысты Философия және саясаттану институты бірнеше көлемді монографиялар да жариялады.

2004 жылдың тамыз айында «Казахстанская правда» газетінде Мұхтар Құл-Мұхамедтің «Ұлттық болмыстың негізі» деп аталатын көлемді ғылыми-көпшілік мақаласы жарияланды және бұл еңбекте ұлттық идея тілмен байланыстырылды. Автор онда мынадай түйінді ойлар айтады: «Тіл қашанда ұлттық идеяның басты құрамдасы және мемлекеттік идеологияның негізі болды. Оның үлгілерін қазіргі заманғы тарихтан көптеп келтіруге болады. Адамзат тарихы әуел бастан және көптеген мысалдар барысында тілдің тек коммуникацияның жай негізгі құралы ғана емес, сонымен қатар саяси, экономикалық, әлеуметтік мәжбүрлеу мен бағындырудың қуатты құралы екендігінде дәлелдеп келеді. Тіл, ең алдымен, нақты бір ұлттың мәдени-тарихи тәжірибесінің жиын-тығы, ерекшелік белгісі және тұрақты атрибуты, күрделі бірегейлік рәміз және оның өзін-өзі өркениеттік анықтауының бастауы».

Одан ары бұл автор Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілдің жағдайына тоқталып, тілді жаңғыртудың ұлтты жаңғырту екендігін, қазақ тілінің аясының кеңеюіне орай тіл саясатын жүргізу қажеттілігін, мемлекеттік-тілдік құрылыстың өзекті мәселерін талдай келе, «тілдік манкуртизмнің тұтас қоғамды емес, эгоистік және тұтынушылық желіктің жетегіндегі нақты адамдардың адамгершілік кертартпалылығын және рухани жеңілісін білдіретін ұят құбылыс» деп көрсетеді және терминологиялық модернизацияда «Алаш» қайраткерлерінің тәжірибесін пайдалануды еске салады: «Мағжан Жұмабаев педагогика саласында, Жүсіпбек Аймауытов психологияда, Халел Досмұхамедов зоология мен физиологияда, Жұмахан Күдерин ботаника саласындағы терминдерді жасақтаумен айналысты. Әлімхан Ермеков математикалық ұғымдар мен терминдерден бастап, жоғары математика курсының қазақ тіліндегі тұтас жүйесін жасап шықты» [8].

Тақырып бойынша ғылыми эксперттердің пікіріне контент-анализ:

Шешім қабылдау және мемлекет үшін маңызды бастамаларда ұлттық ерекшеліктер мен ұстанымдар ескерілуі маңызды. Бұл үшін біздің ұлттық және тарихи ерекшеліктеріміз басты ұстанымға айналуы тиіс.

Кез-келген ұлттың салт-санасы, дәстүрі мен сұрасынстары ұлттық ұстанымға тікелей байланысты балады.

Бұл қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың негізгі бағытына айналуға.

Мысалы «Tengrinews.kz» порталына 28 қыркүйете ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің сұхбаты жариялаған.

Мақаланың тақырыбы: «Ерлан Қарин: Біздің алдымызда ЖАСАМПАЗДЫҚҚА негізделген мақсат-міндеттер тұр».

Бұл сұхбатта тақырыбыма сай маңызды деген ақпараттар алдым.

Бірнеше тақырыптық бағыттағы тезисті ұсынсамын:

- «Саяси реформаларға келсек, мұнда өте мазмұнды және жүйелі жұмыстар жүргізілді. Бастапқы кезде саяси реформалардың төрт топтамасы аясында 20-дан астам заң қабылданып, демократиялық үдерістің тың қарқынмен дамуына жол ашылды. Содан кейін Президенттің наурыздағы Жолдауында саяси жаңғырудың ауқымды бағдарламасы ұсынылды. Оның негізгі ережелері конституциялық реформаға арқау болды.»;

- «Осы орайда Мемлекет басшысы кез келген саяси және экономикалық реформалар жемісті болуы үшін ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру қажеттігі туралы үнемі айтып жүр. Яғни менталитетімізді, әдетімізді, жүріс-тұрысымызды түбегейлі өзгерту қажет.»;

- «Айтпақшы, Президент бастапқыда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі арқылы, ал қазір барлық өңір мен саланың өкілдерін қамтыған Ұлттық Құрылтай арқылы жұртшылықпен диалогқа тікелей атсалысып отыр. Бұл тұрғыда, Ұлттық Құрылтай ерекше диалог алаңына айналды. Яғни, билік пен қоғам ықпалдастығының бірегей механизмі болып отыр.»;

- «Президент Түркістанда сөйлеген сөзінде идеология саласындағы стратегиялық мақсаттарымызды нақты айқындап берді. Яғни, бұл – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру, жалпыұлттық құндылықтарды дәріптеп, орнықтыру. Бүгінгі басты міндет – жұмысты жүйелеу және осы саланы ретке келтіру.» [9].

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ Стратегиялық талдау бөлімі ұсыныған:

Ұлттық құрылыстың қазіргі кезеңінде Қазақстан Республикасы қарқынды саяси өзгерістер кезеңін бастан кешіп жатыр. Саяси модернизацияның тұжырымдамалық фрейміне «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» моделі арқау болды. «Listening State» («Құлақ асатын/естігін мемлекет») — бұл үкіметтің азаматтармен өзара әрекеттесу, оларды толғандыратын мәселелер мен қажеттіліктерін түсіну бойынша белсенді күш-жігеріне баса назар аударатын

мемлекеттік саясат тұжырымдамасы. Бұл тұжырымдама үкімет пен қоғам арасындағы ашық әрі айқын байланыс арналарын құруды көздеп, шешімдерді әзірлеу және қабылдау процесінде азаматтардың дауысын естуге және ескеруге бағытталған.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тәсілі ақпаратты жай ғана тарату немесе «жоғарыдан төменге» саясатын жүзеге асыруға қарағанда, тиімді басқару бұдан да көп нәрсені қажет ететінін көрсетеді. Яғни кері байланыс, идеялар мен қоғамдық пікірді белсенді іздеудің маңызын мойындайды. Бұған қол жеткізуге жәрдемдесетін түрлі құралдар бар: қоғаммен кеңесу, сауалнамалар, жалпы жиналыстар, онлайн форумдар және басқа да қатысу тетіктері [10].

Бұл туралы, **ҚСЗИ** стратегиялық талдау бөлімінің басшысы **Ермек Тоқтаров:**

- «Бүгінгі таңда біздің елімізде басқа салаларға – экономикаға, саясатқа, идеологияға әсер ететін әлеуметтік модернизация процестері жүріп жатыр. Мемлекет басшысы БАҚ-тың «қоғамдық сананы жаңартуда, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын» атап өтті. Басқаша айтқанда, ұлттық құрылыс жолында сырттан бақылаушылар бола алмайды, әр институт жалпы дамуға өз үлесін қосады. Сананы модернизациялау тұрақты және оң нәтижелерге әкелуі маңызды.»

ҚСЗИ директоры VI Орталық Азиядағы сарапшылар форумында:

- «Орталық Азия елдері арасындағы өзара әрекеттестіктің перспективалық нысандары мен үлгілері туралы айта отырып, ҚСЗИ директоры өңірлік форматта бірлесіп жұмыс істеуге ерекше мән берді. «Орталық Азия біреуге немесе бір нәрсеге қарсы емес. Біз ортақ мүдделер мен біртұтас болашақ үшін ынтымақтасамыз. Өңір саясаты ұлттық мүдделерді өзара құрметтеуге және ОА әр мемлекеті дауысының теңдігіне негізделеді. Бұл ретте келесі маңызды қадам «өңірдің мәселелері өңір ішінде шешілуі керек» екенін түсіну», – деді Е.Тұқымов.» [11].

I-ТАРАУ. Мемлекеттік саясаттағы реформалардың ұлттық моделін қалыптастыру және оңтайландыру тақырыбының маңыздылығы

1.1. Қазіргі жағдайға талдау.

Соңғы жылдары елімізде орын алған түрлі жағдайлар мен қоғамдық-саяси маңызды оқиғаларға байланысты, халықтың билік өкілдеріне деген көзқарасы және талабы айтарлықтай өзгерді. Оның ішінде сенім деңгейі мен ерекше жоғары талаптағы сұраныстың артқандығын байқауға болады.

Бұл еліміздегі қоғамдық сананың бір сілкініс жасап, азаматтық қоғамның жаңаша дамуына түрткі болғаны сөзсіз. Сәйкесінше жоғары лауызымды тұлғалардан бастап, қарапайым мемлекеттік қызметкерлердің қоғамның сұранысы мен талабына сай әрекет етудің маңыздылығын арттыра түсті. Ол үшін мемлекеттік қызметтегі азаматтар өзін жан-жақты қайта дамытуға, жаңаша ойлап, жаңа қадамдар жасауға қарқынды әрекет етуі қажет.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу кейс стади әдісі арқылы жүргізіліп, тақырыптық бағытқа сәйкес жазбаша тарихи, аудио, видео материалдар арқылы ақпарат жинақталды.

Жинақталған материалдардың негізінде 2001 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында» бірінші рет мемлекеттік басқару жүйесінің жетілдіру стратегиясы жасалды және оның негізгі элементтерінің қызметтері мен деңгейі анықталды.

Құжатта көрсетілгендей «құрылымдық қайта құруларға және мемлекеттік органдармен тұрақты санының қысқартылуына қарамастан мемлекеттік аппарат әлі де болса жеткілікті тиімді және икемді емес. Көпдеңгейлі құрылым және қызметтердің көшірілуі, мемлекеттік органдар алдында тұрған міндеттердің дұрыс анықталмауы жауапкершілік пен есеп беру сұрақтары бойынша түсініксіздіктерге алып келді.

Мемлекеттік органдардың құрылымын қайта қарастырғандықтан, олардың міндеттері мен қызметтерін нақтылағандықтан ведомствоаралық қатынастар әлсіреді, қарым қатынас деңгейі төмендеді, мемлекеттік аппараттың ішкі бақылауы мен реттелуі мен сыртқы институттар арасындағы қатынастар бұзылды.

Мемлекеттік аппарат қызметі тез өзгеріске ұшырап отыратын қоршаған ортаға жәй бейімделуімен, қоғамның қажеттіліктеріне жауап бере алуымен шешім механизмінің тиімсіздігімен сипатталады.

Мемлекеттік аппарат қызметі мен мемлекеттік қызметшілердің қоғам алдындағы беделі әлі де болса да төмен болып отыр. Мемлекеттік қызмет аппаратын ұйымдастыруда жүйелік амалмен әрекет етудің нақты стратегиясы жоқ» [12].

«Мемлекеттік саясаттағы реформалардың ұлттық моделін қалыптастыру және оңтайландыру» тақырыбындағы магистрлік зерттеу бойынша келесі әдіс эксперттік сұхбат тәсілі қолданылды.

Магистрлік жобаның негізгі мақсаты - басқарудың Қазақстандық, яғни, ұлттық үлгісін, жаңа моделін қалыптастыруға қажетті ұсыныстарды анықтап, зерделеу болып табылады.

Магистрлік жобаны жазу барысында саясатты зерттеуде және оны іске асыруда кеңінен қолданылатын эксперттік сұхбат жүргізу арқылы **зерттеудің сапалы әдістері** қолданылды. Сауалнаманың негізгі мақсаты – эксперттердің білімі арқылы магистрлік жобаға қажетті пікірлерді анықтау, оларды жоба жазу барысында пайдалану.

Эксперттік сұхбат - терең сұхбаттың бір түрі, оның басты ерекшелігі-зерттелетін бағдарламаның тәжірибелі қатысушысы болып табылатын респонденттің мәртебесі мен құзыреттілігі. Эксперттік сұхбат респонденттен толық жауап алуды қамтиды.

Эксперттік сұхбат сарапшыны тақырыпты егжей-тегжейлі талқылауға ынталандыратын ашық сұрақтарға негізделген. Бұл экспертке зерттелетін салаға қатысты мәселелер бойынша өз пікірін, тәжірибесін және білімін білдіруге мүмкіндік берді.

Бұл әдіс сонымен қатар оқиғалар мен процестерді жүйелі түрде зерттеуге, деректерді талдауға, Қазақстанда иммундау саясатын іске асыру саласында тікелей тартылған сарапшылардан толық ақпарат жинауға мүмкіндік берді.

1. Әдістемелік бөлім және зерттеу

1.1. Зерттеудің өзектілігі

Зерттеуді анықтау.

Осы тұрғыда ұсынылған зерттеу, сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің, азаматтық қоғам өкілдерінің экспертлық бағалауларына негізделеді, бұл деректерді жинауға, көзқарастарды, пікірлерді және әдістемелерді салыстыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу бағытын таңдау магистрлік жобаның тақырыбын ашу үшін эксперттердің пікірлерін білу мақсатында таңдалды. Зерттеу мәселесі келесі бағыттардан құралды:

- 1. Қазақстанда Мемлекеттік басқарудың ұлттық моделін жасау;**
- 2. Жаңа модельді қалыптастырудың жаңа бағыттары.**

1.2. Эксперттік сұхбаттың мақсаты: магистрлік зерттеу тақырыбы бойынша практикалық ұсынымдарды әзірлеу үшін негіз болатын басқарудың жаңа ұлттық моделі мен реформалардың ағымдағы жай-күйіне, проблемаларына және қолданыстағы тетіктеріне қатысты эксперттік пікірлерді зерттеу.

1.3. Эксперттік сұхбат нысаны: орталық және өңірлік органдардың мемлекеттік қызметшілері, квазимемлекеттік сектордың, азаматтық қоғам өкілдері.

1.4. Эксперттік сұхбат тақырыбы: Мемлекеттік саясаттағы реформалардың ұлттық моделін қалыптастыру және оңтайландыру.

1.5. Эксперттік сұхбаттың міндеттері:

- Еліміздің ұлттық ерекшеліктері мен халықтың сұранысын ескере отырып басқарудың Қазақстандық, яғни, ұлттық үлгісін, жаңа моделін қалыптастыру;
- осы саладағы ағымдағы жағдайды зерделеу;
- Тақырыпқа байланысты қандай ұсыныстар мен стратегиялар қажет екенін зерделеу;

1.6. Гипотеза: мемлекеттік басқару бағытында қолданыстағы тәсілдердің

басым бөлігі әлемдік тәжірибенің үлгісінде немесе белгілі бір елдің реформаларының көшірмесі. Сол себепті еліміздің ұлттық ерекшеліктері мен халықтың сұранысын ескере отырып басқарудың Қазақстандық, яғни, ұлттық үлгісін, жаңа моделін қалыптастыруға қажетті ұсыныстарды жинақтау.

2. Эксперттік сұхбаттың процедуралық (әдістемелік) бөлімі

2.1. Зерттеу әдісі. Сауалнама түрі ретінде эксперттік сұхбат таңдалды. Респонденттерге сұхбат қатысушысына өзіндік көзқарасын білдіруге және өз ұстанымын дәлелдеуге мүмкіндік беретін бірдей сұрақтар қойылды. Сұхбат барысында сұхбат беруші нақтылайтын және қосымша сұрақтар қояды.

Бұл тәсіл эксперттермен сұхбаттасудың икемді болуына ықпал етеді, атап айтқанда, нақты ақпараттарды алу, көзқарастарды білу сияқты бірнеше түрлі сұрақтардан тұрады. Әрі қарай алынған ақпаратты терең және жан-жақты салыстыруға және талдауға болады. Сұхбатты ұйымдастыру мақсатында зерттеуші сауалнама дайындайды. Эксперттік сұхбаттың орташа ұзақтығы 20 минуттан 30 минутқа дейін болады.

2.2. Респонденттердің таңдалған саны. Сұхбат алатын сарапшылар - білікті және құзыретті, орталық және өңірлік органдардың мемлекеттік қызметшілері, квазимемлекеттік сектордың, азаматтық қоғам өкілдері. Автор өзекті деректерді алу мақсатында оларды зерттеу сұрақтарына қатысты сұрайды. Респонденттерді іріктеу сарапшылардың тізімі негізінде зерттелетін салада кемінде 5 жылдық ғылыми-теориялық немесе практикалық жұмыс тәжірибесінің болуы негізінде жүргізілді.

2.3. Қолданбалы зерттеулер. Алғашқы мәліметтерді жинау Зерттеуші ғылыми жұмыста барлық жерде бастапқы деректерді пайдаланды. Зерттеудің дизайнына сәйкес, олар сауалнама жүргізу, сарапшылардан сұхбат алу, ғылыми жұмыс тақырыбына байланысты жеке бақылау әдісі арқылы жинақталды.

2.4. Далалық зерттеулер. Бастапқы деректерді жинау

Зерттеуші ғылыми жұмыста барлық жерде бастапқы деректерді пайдаланды. Зерттеу дизайнына сәйкес олар сарапшылардың сұхбаттары, ғылыми жұмыс тақырыбына қатысты жеке бақылау әдісі арқылы жиналды.

2.5. Деректерді өңдеу

Сұхбат қорытындысы бойынша респонденттерден сараптамалық пікірлер мен бағалаулардың ұқсастықтарын, айырмашылықтарын жіктеу және кейіннен талдау жолымен одан әрі өңдеуге және қорытуға жататын сапалы ақпарат алынды. Сараптамалық сұхбат ақпаратын сапалы талдаудың негізгі тәсілдері: деректерді декодтау, базаны қалыптастыру, есепті дайындау, зерттеу тақырыбы бойынша ұсыныстар.

2.6. Қорытынды есеп. Қорытынды есеп сараптамалық сұхбатты аяқтау қорытындысы бойынша дайындалып, ұсынылды.

3. Зерттеу нәтижелерін тарату. Зерттеудің алынған ғылыми нәтижелері мемлекеттік басқарудың ұлттық моделін әзірлеуге және реформаларды жүргізуге жауапты мемлекеттік органдар үшін магистрлік жоба тақырыбы бойынша практикалық ұсынымдарды әзірлеу кезінде қолданылатын болады, сондай-ақ алдағы уақытта ғылыми мақалалар жобаларында халықаралық және/немесе ұлттық рецензияланатын журналдарда ұсынылатын болады.

Экспертке қойылатын сұрақтар тізбесі:

1. *Уақытыңызды бөліп, менің сұрақтарыма жауап бергеніңіз үшін алғысымды білдіремін.*

2. *Өзіңіз жайлы айтып берсеңіз. Тақырып қанишалықты өзекті деп ойлайсыз?*

3. *Қай салада жұмыс жасайсыз және кәсіби тәжірибеңіз қандай?*

4. *Басқарудың ұлттық моделі дегенді қалай түсінесіз?*

5. *Мемлекеттік басқаруда ұлттық құндылықтар ескерілуі керек пе?*

6. *Реформалау кезінде өзге елдің жүйесін көшіріп алу дұрыс деп санайсыз ба?*

7. *Сіздің басқару жүйесі ұлттық құндылықтарға негізделіп, (халықтың ерекшеліктеріне ыңғайланып) жасалу қажет деген ұстанымға пікіріңіз?*

8. *Ұлттық идеология саласындағы реформаларды жүзеге асыруда әр өңірдің ерекшеліктері ескерілуі тиіс пе әлде ортақ ұстаным болу керек па?*

9. *Қазіргі қоғамдағы ұлттық құндылықтарды дәріптеуде «Ұлттық құрылтай», «Ақсақалдар алқасы», «Билер алқасы» сияқты институттардан бөлек, тағы қандай құрылымдар қажет деп ойлайсыз?*

Мемлекет басшысы «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұқбатында: «Жаңа сын-сынаққа төтеп беру үшін, ең алдымен, ұлттық құндылықтарды қорғай білген жөн. Ана тілімізді, салт-дәстүрімізді, ұлттық сана-сезімді, қоғамдағы татулық пен келісімді, береке-бірлікті сақтай алмасақ, келер ұрпақ бізді кешірмейді. Әсіресе, мемлекеттік тілдің мәселесі өте маңызды. Тіл – ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры. Қазақ тілі қазақты әлемге таныта алады. Халықтың тілі – халықтың төлқұжаты. Мұны әрдайым есте ұстау керек. Біле білсек, ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады», - деген еді.

Магистрлік зерттеу бойынша жүргізілген эксперттік сұхбатқа тартылған респонденттердің барлығы дерлік осы пікірді ұстанатындықтарын байқатты.

Қазіргідей алмағайып заманда ұлт ретінде сақталуға ұмтылған әрбір халықтың алдында ұлттық тілі мен мәдениет, салт-санасын ортақ құндылықтарға айналдыру міндеті тұр.

Өйткені, адамзатты ақпараттық технологиямен арбаған ғасырдың ұлттық құндылықтармен үнемі үйлесе бермейтіні анықталып отыр. Тым белсенді виртуалды әлемнің тегеурініне төтеп беру ұлтын шексіз сүйетін ұрпақтың ғана қолынан келмек. Ал отаншыл ұрпақты қалыптастыру үшін сол ақпараттық технологияны жете меңгеріп, ана тіліміздегі мәдени өнім мен тәрбие құралдарын

заманауи форматта жаңғырту, бүгінгі күннің тілінде ұсыну аса өзекті болып отыр.

- *Сіздің басқару жүйесі ұлттық құндылықтарға негізделіп, (халықтың ерекшеліктеріне ыңғайланып) жасалу қажет деген ұстанымға пікіріңіз?* - деген сұраққа, респонденттер келісетіндіктерін жеткізді.

Олардың пайымынша, қазіргі таңда әлем елдері ұлт ретінде сақталып қалу үшін бірінші кезекте өзінің ұлттық ұстанымдары мен болмысын сақтай отырып, сол арқылы өз халқының сұранысы мен пікіріне сай ерекшеліктерді пайдалана отырып басқару тәсілін қолданады. Бұл бірінші кезекте қоғамдық тұрақтылық пен бірегейлікті қамтамасыз етеді деп санайды.

- *Мемлекеттік басқаруда ұлттық құндылықтар ескерілуі керек пе?* - деген сауал бойынша «ұлттық егемендік» ұстанымы болу керек деп санайды.

Ұлттық егемендік - ұлттың әлеуметтік және саяси құрылымын таңдау еркіндігіне, аумақтық тұтастығына, экономикалық тәуелсіздігіне, тілін, мәдениетін дамытуына және өз еркімен өз тағдырын анықтау құқы.

Респонденттердің берен жауабы негізінде келесі ұғымдар қалыптасады.

Мемлекеттік басқаруда ұлттық құндылықтарды ескеру өте маңызды, себебі олар қоғамның бірлігін нығайтады, ұлттық бірегейлікті сақтайды және елдің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Ұлттық құндылықтар қоғамның тарихи, мәдени және әлеуметтік негіздерінен туындайды және басқарудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Мысал ретінде бірнеше себептер ұсынылады:

1. Қоғамның қолдауы: Ұлттық құндылықтарды ескеру арқылы мемлекет халықтың сенімін және қолдауын ала алады. Бұл қоғамдағы тұрақтылықты және бірлікті қамтамасыз етеді.

2. Бірегейлік: Ұлттық құндылықтар ұлттық бірегейлікті сақтауға және нығайтуға көмектеседі. Бұл әсіресе жаһандану дәуірінде маңызды, өйткені ұлттық ерекшеліктерді сақтау мемлекетке мәдени және тарихи мұраларын қорғауға мүмкіндік береді.

3. Әлеуметтік үйлесім: Ұлттық құндылықтарды ескергенде, мемлекеттік саясат әлеуметтік әділеттілік пен теңдікке негізделеді. Бұл қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін ескеруге және үйлесімділікті қамтамасыз етуге көмектеседі.

4. Тиімді басқару: Ұлттық құндылықтарды ескеру мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыра алады. Мысалы, егер басқару жүйесі халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ескерсе, онда шешімдер қабылдау процесі және оларды жүзеге асыру оңайырақ болады.

5. Мәдениет пен дәстүрлерді сақтау: Ұлттық құндылықтарды сақтау және дамыту арқылы мемлекет мәдениет пен дәстүрлерді қорғауға ықпал етеді. Бұл келешек ұрпаққа ұлттық мұраларды жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда ұлттық құндылықтарды ескеру мемлекеттік басқаруда маңызды рөл атқарады. Қазақстанның тарихи және мәдени ерекшеліктері,

көпэтникалық қоғамының бірлігі мен ынтымақтастығы мемлекеттік саясаттың басты бағыттары болып табылады.

- **Басқарудың ұлттық моделі дегенді қалай түсінесіз?** - деген сауалға: «Басқарудың ұлттық моделі» деген - бұл әрбір елдің өзіне тән басқару жүйесін анықтау. Бұл модель өз ішінде мемлекеттік басқару, саяси жүйе, экономикалық жүйе және қоғамдық құрылымдарды қамтиды.

Ұлттық модельдер өздерінің тарихи, мәдени, экономикалық және географиялық шарттарына байланысты болады. Мысалы, демократиялық, авторитарлық, социалистік және капиталистік басқару моделдері болады. Ұлттық басқару моделінің дамуына әр түрлі факторлар әсер етеді, олардың ішінде тарихи жағдайлар, қоғамдық, экономикалық ресурстар және халықтың білім деңгейі.

Басқарудың ұлттық моделі - бұл өзгерісті бақылау және жаңа шарттарға қызмет ету үшін қажетті өзгерістерді жүргізу үшін қолданылатын құрал. Ұлттық басқару моделінің мақсаты - елдің дамуын қамтамасыз ету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту.

Басқарудың ұлттық моделі - белгілі бір елдің немесе ұлттың әлеуметтік, экономикалық және саяси жүйесін ұйымдастыру және басқару тәсілдерін сипаттайтын кешенді ұғым. Бұл модель елдің тарихына, мәдениетіне, саяси құрылымына, экономикалық жағдайына және әлеуметтік ерекшеліктеріне негізделуі қажет деп санайды.

Басқарудың ұлттық моделінің мысалдарына Сингапурдың басқару моделі, Жапонияның корпоративті басқару тәсілдері және т.б. жатады. Әрбір модель елдің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес құрылып, тиімді жұмыс істеу үшін бейімделеді.

- **Ұлттық идеология саласындағы реформаларды жүзеге асыруда әр өңірдің ерекшеліктері ескерілуі тиіс пе әлде ортақ ұстаным болу керек па?** - деген сұрақтың аясында, келесідей тұжырым жасалды.

Ұлттық идеология саласындағы реформаларды жүзеге асыруда әр өңірдің ерекшеліктерін ескеру және ортақ ұстанымдарды ұстану арасында баланс табу маңызды.

Мұнда бірнеше негізгі аспектілерді қарастыру қажет:

ОРТАҚ ҰСТАНЫМДАР:

1. Ұлттық бірлік пен тұтастық: Ұлттық идеологияның негізгі мақсаттарының бірі - елдің барлық азаматтарының біртұтас ұлттық бірегейлікті қалыптастыру. Бұл үшін ортақ құндылықтар мен ұстанымдар қажет.

2. Ортақ мақсаттар мен құндылықтар: Елдің стратегиялық мақсаттары мен негізгі құндылықтары барлық өңірлер үшін бірдей болуы тиіс. Бұл елдің даму бағытын анықтайды және қоғамның әрбір мүшесін ортақ мақсаттарға жұмылдырады.

3. Заңнамалық база: Ұлттық идеологияға қатысты заңдар мен

нормативтік актілер барлық өңірлерде бірдей қолданылуы керек, бұл заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтауға көмектеседі.

Өңірлік ерекшеліктерді ескеру:

1. Менталитет және тілдік ерекшеліктер: Әр өңірдің өз ментальді ерекшеліктері, тілі мен дәстүрлері бар. Ұлттық идеологияны жүзеге асыруда осы ерекшеліктерді ескеру халықтың қолдауын арттыруға көмектеседі.

2. Экономикалық жағдай: Әр өңірдің экономикалық дамуы әртүрлі болуы мүмкін. Реформалар өңірлердің экономикалық жағдайына бейімделіп, әлеуметтік-экономикалық дамуды теңестіруге бағытталуы керек.

3. Әлеуметтік құрылым: Өңірлердегі халықтың әлеуметтік құрылымы да әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, ауылдық және қалалық өңірлерде өмір сүру деңгейі мен қажеттіліктері әртүрлі, сондықтан бұл ерекшеліктерді ескеру маңызды.

БАЛАНС ТАБУ:

Ұлттық идеологияны жүзеге асыруда ортақ ұстанымдар мен өңірлік ерекшеліктерді ескеру арасында баланс табу қажет.

Бұл үшін:

1. Жергілікті билік пен қоғамды тарту: Өңірлердегі жергілікті билік органдары мен азаматтық қоғам өкілдері реформаларды жоспарлау және жүзеге асыру процесіне белсенді қатысуы тиіс. Бұл жергілікті ерекшеліктерді ескеруге және халықтың қажеттіліктерін жақсырақ түсінуге көмектеседі.

2. Икемділік пен бейімделгіштік: Реформалар икемді болуы керек және өңірлердің нақты жағдайына бейімделуі тиіс. Бұл ұлттық идеологияның негізгі принциптерінен ауытқымай, әр өңірдің ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

3. Үйлестіру және ынтымақтастық: Орталық және жергілікті билік органдары арасында тығыз үйлестіру мен ынтымақтастық қажет. Бұл ұлттық идеологияны тиімді жүзеге асыруға және өңірлік ерекшеліктерді ескеруге мүмкіндік береді.

Қазақстан мысалында, өңірлердің этникалық және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық идеологияны жүзеге асыру елдің бірлігін нығайтуға және әрбір өңірдің дамуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

- Қазіргі қоғамдағы ұлттық құндылықтарды дәріптеуде «Ұлттық құрылтай», «Ақсақалдар алқасы», «Билер алқасы» сияқты институттардан бөлек, тағы қандай құрылымдар қажет деп ойлайсыз?- деген сұраққа байланысты, осы мақсатта келесі ұсыныстар айтылды.

Қазіргі қоғамдағы ұлттық құндылықтарды дәріптеуде «Ұлттық құрылтай», «Ақсақалдар алқасы», «Билер алқасы» сияқты дәстүрлі институттар маңызды рөл атқарады. Алайда, заманауи талаптарға сай жаңа құрылымдар да қажет болуы мүмкін.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Жастар кеңестері арқылы.

Мақсаты: Жастар арасында ұлттық құндылықтарды насихаттау және олардың мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіне қатысуын қамтамасыз ету.

Функциялары:

- Ұлттық мәдениет пен тарихты оқыту бағдарламаларын әзірлеу.
- Жастарды қоғамдық қызметке тарту.
- Жастардың пікірін ескеріп, мемлекеттік саясатқа ұсыныстар жасау.

2. Мәдениет және білім беру орталықтары арқылы.

Мақсаты: Ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау және дамыту.

Функциялары:

- Ұлттық өнер, әдебиет, музыка және қолөнер бойынша оқыту курстарын ұйымдастыру.

- Мәдени шаралар мен фестивальдар өткізу.
- Тарихи ескерткіштер мен мұражайларды қорғау және жаңғырту.

3. Ұлттық құндылықтар институты.

Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды зерттеу, сақтау және насихаттау.

Функциялары:

- Ұлттық құндылықтарды зерттеу және талдау.
- Ұлттық идеологияны дамытуға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстары.
- Мемлекеттік саясатты ұлттық құндылықтармен сәйкестендіру бойынша ұсыныстар жасау.

4. Қоғамдық диалог платформалары.

Мақсаты: Ұлттық құндылықтар туралы ашық талқылаулар өткізу және қоғамның барлық топтарының пікірін ескеру.

Функциялары:

- Қоғамдық форумдар, дөңгелек үстелдер және талқылау клубтарын ұйымдастыру.
- Әр түрлі әлеуметтік топтардың ұлттық құндылықтар туралы пікірлерін жинақтау және талдау.
- Ұсыныстарды мемлекеттік органдарға жеткізу.

5. Әлеуметтік медиа және ақпараттық платформалар.

Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды кең аудиторияға тарату және насихаттау.

Функциялары:

- Ұлттық құндылықтар туралы контентті әзірлеу және тарату (мақалалар, бейнероликтер, подкасттар).
- Ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді насихаттайтын онлайн-акциялар және науқандар ұйымдастыру.
- Жас аудиторияны тарту үшін әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс істеу.

6. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бағдарламалары.

Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды ілгерілетуде бизнес-қауымдастықтың қатысуын қамтамасыз ету.

Функциялары:

- Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін жобаларды қаржыландыру.
- Мәдениет және білім беру саласындағы корпоративтік бағдарламаларды іске асыру.
- Қоғамға қызмет ету арқылы ұлттық құндылықтарды қолдау.

Бұл құрылымдар дәстүрлі институттармен қатар жұмыс істей отырып, қазіргі қоғамның қажеттіліктерін ескеріп, ұлттық құндылықтарды тиімді дәріптеуге көмектеседі.

Нәтижелер (жіктеме)

Бірінші кезекте мемлекеттік қызметшілер арасында мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі ең негізі және өзекті. Себебі ұлтымыздың ең ұлы құндылығы – ұлттық тіліміздің құзырет шеңберін, қолданыс аясын кеңейтуге бірінші кезекте мемлекеттік қызметкерлер мүдделі болуы тиіс. Тіл – тек екі адам арасындағы диалог үшін ғана емес, ұлттық болмысымыз бен құндылықтарымызды дәріптеу, нағыз ұлтжандылықты таныту үшін қажетті саяси құрал.

Өкінішке орай бұл мәселе қаншалықты жиі көтерілсе де оны шешуге деген түпкілікті және нақты қадамдар тиісті деңгейде жасалынып жатқан жоқ деуге болады. Әрине үкімет тарапынан түрлі бағдарламалар мен шаралар қабылданып жатыр. Алайда оны іс жүзінде жүзеге асыру үшін батыл шешімдер жетіспейді.

Мемлекеттік тілге деген сұранысты арттыру үшін мемлекеттік қызметкерлерге тек қазақ тілінде сөйлеу міндеттелетін болса, мәселені жеңіл, әрі жедел шешуге айтарлықтар үлкен себеп болар еді.

Жалпы айтқанда ұлттық тілді – билік тіліне айналдыра алмай отырмыз.

Тіпті бұл туралы Заң бар. Бірақ бұл құқықтық құжаттардың өзі мәселені шешуге қауқарсыз болып отыр.

Тіл – саясат. Тіл – ұлттық қауіпсіздіктің кепілі. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, тілді саяси құрал ретінде пайдалану, бірінші кезекте биліктің, яғни, мемлекеттік қызметкерлердің тікелей міндетіне кіреді.

Бұл мәселе еліміздің қоғамдық-саяси өміріне де айтарлықтай кері әсерін тигізіп отыр. Айталық қарапайым халық арасында билік өкілдерінің ресми тілде сөйлеп, мемлекеттік тілде сөйлей алмауы наразы көзқарас тудырып жататынын күнделікті көріп жүрміз. Бұл белгілі бір тақырыптың аясында ғана көрінгенімен, тұтастай алғанда биліктің тілге деген көзқарасын көрсетеді деп санайды.

Жоғары мінберлерден бастап, брифингтер, жиындар мен мәдени шаралардың өзінде ресми тілге басымдық беріліп, ұлттық тіл тыс қалып жатады.

Қазақ тілі неге сәнге аламай жатыр немесе заманауи тілмен айтқанда «бренд» жасауға не кедергі? Басты кедергі – сұраныстың болмауы. Тұтынушы тарапынан емес, өкінішке орай қызмет ұсынушы тарапынан сұраныс болмай тұр.

Расында, ұлттың ұлт екенін дәлелдейтін жалғыз құрал және құндылық – тіл!

Қазақ тілі әлемдегі ең бай тілдердің санатында.

Оның нақты дәлелі, әлемде **6500 тіл болса** оны қолданатын адамдар саны **10 млн. асқан 40 тілдің бірі.**

Сонымен бірге әлемдегі ең таңдаулы әдебиеттердің ішінде біздің тіл байлығымыз ерекшеленетіні анық.

Бір өкініштісі бүгінгі күні тіл мәселесі популистік тақырыптардың қатарында қалып барады.

Егер билік өкілдері тек мемлекеттік тілде сөйлеп, жетік меңгерген болса бұл болашақта өзін билік өкілі ретінде көргісі келетін жастарға үлгі, сонымен бірге қандай да бір сала, қауымдастық, басқа да билікке қатынасы бар кез-келген қоғам өкілін мемлекеттік тілді меңгеруге түрткі болары сөзсіз.

Қазір жылдам өзгертін уақытта мемлекеттік қызметті трансформациялау және оны қоғамға ұнамды, адамға бағытталған мемлекеттік басқарудың негізін қалау басты мақсат болуы керек.

Мемлекеттік қызметтегі басқару жүйесінің ұлттық ұстанымдарға негізделген өзгерістері қоғамды дамытудың жаңа кезеңіне қол жеткізуге мүмкіндік береді, сол арқылы стандарттар пайда болып мемлекеттік басқару жүйесін озық тәжірибеге жақындатады.

Расында шешім қабылдау және мемлекет үшін маңызды бастамаларда ұлттық ерекшеліктер мен ұстанымдар ескерілуі маңызды. Бұл үшін біздің ұлттық және тарихи ерекшеліктеріміз басты ұстанымға айналуы тиіс. Кез-келген ұлттың салт-санасы, дәстүрі мен сұрасынстары ұлттық ұстанымға тікелей байланысты балады.

Бұл, өз кезегінде **«Халық үніне құлақ асатын мемлекет»** және **«Ашық үкімет»** секілді тұжырымдарды сәтті жүзеге асыру зор ықпал етері сөзсіз.

Қоғамдағы келеңсіздіктер мен наразы пікірлерді азайту, халықтың билікке деген сенімін арттырып, ортақ мақсатқа бағытталған мемлекеттік идеологияны қалыптастыру бағытында жедел әрі жан-жақты шараларды қабылдау аса маңызды.

1.2. Идеологиялық саясат.

Жалпы мемлекеттік идеологияны қалыптастыру үшін салалық байланыстар мен негізгі ұстанымдарды ортақ бағыттау маңызды.

Идеологиялық ішкі жүйе бірнеше байланыстан тұрады.

Олар:

- 1) *Институционалдық ішкі жүйе;*
- 2) *Коммуникативтік ішкі жүйе;*
- 3) *Нормативтік ішкі жүйе;*
- 4) *Мәдени ішкі жүйе.*

Осылардың әрқайсысына жеке анықтама берер болсақ:

Институционалдық ішкі жүйе – саяси институттардың кешені: мемлекет, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар, бұқаралық ақпарат құралдары, діни институттар және т.б.

Коммуникативтік ішкі жүйе - бұл адамдар, әлеуметтік топтар,

институттар арасындағы олардың билікке қатысуы нәтижесінде қалыптасатын қатынастар мен өзара әрекеттесу формаларының жиынтығы.

Нормативтік ішкі жүйе – саяси қатынастарды реттейтін нормалардың бүкіл жиынтығы.

Мәдени ішкі жүйе – саяси сана мен мәдениет.

Яғни, **Идеологиялық ішкі жүйе** – қоғамның саяси өміріне қатысушылардың әртүрлі саяси идеяларының, көзқарастарының, идеяларының, сенімдерінің, мүдделерінің, сезімдерінің жиынтығы (идеологияның теориялық және эмпирикалық деңгейлері).

Бұл дегеніміз мемлекеттік идеологияны жасауға нақты бір ғана сала емес, қоғам өміріне қатысы бар барлық саланың қатынасуымен, барлық мемлекеттік органдардың бірлесе атқаратын жұмысына тікелей байланысты.

Себебі әр саланың өзінің ішкі мақсаты және қоғамға үнамды болу үшін өзіндік идеологиясы болады. Жалпы айтқанда азаматтық қоғам мен басқа да ұйымдардың қатынасын айтпағанда, елдегі идеологияны жасауда билік пен мемлекеттік басқару жүйесінің байланысы:

- ҚР Президент Әкімшілігі;
- ҚР Үкіметі;
- Салалық министрліктер;
- Жергілікті атқарушы (облыс әкімдіктері) органдар;
- Салалық басқармалар;
- Қала, аудандық және ауылдық округ әкімдіктері;

Қазіргі таңда қоғамда көтерілген кез келген мәселені реттеу, идеологиялық саясатты жүргізу жүгі - бірінші кезекте **ақпараттық саясатқа** артылады.

Мысалы, кез келген резонансты жағдайларда немесе саяси науқандар мен басқа да қоғамда белсенді талқыланып жатқан өзекті тақырыптар бойынша халықтың көңіл-күйін реттеу, оң бағыттағы ақпараттық толық қалыптастыру үшін арнайы мерзімдік **медиа-жоспар, медиа-кесте, баспасөз парақтары, ақпарат тарату алгоритмі, т.б.** кешенді жұмыстар ұйымдастырылады.

Алайда тәжірибе көрсеткендей, бұл мәселенің уақытша ғана шешімі, яғни, белгілі бір деңгейде әсері болса да **қоғамның сұранысын қанағаттандыруға толық ықпал ете алмайды.**

Себебі, бірінші кезекте қоғамның **ақпараттық сұранысын** емес, **рухани сұранысын** қанағаттандыру маңызды деп санаймын.

Тағы бір мәселе ел ішінде белгілі бір топтар немесе жалпы халықтық сипаттағы ортақ тақырып көтерілетін наразылық шаралары бола қалған жағдайда, халықпен тікелей диалог орнату тек идеология саласына жүктеледі.

Алайда, ол наразылық шараларында түрлі тақырыптағы мәселелер көтерілуі әбден мүмкін. Осындай жағдайларда көтерілген мәселеге тікелей жауапты кейбір сала басшылары халықпен тиісті дәрежеде диалог орната алмайды. Осының салдарынан наразы көңіл-күй өршіп кететіндігін байқап жүрміз.

Сол себепті, басшылық қызметке келген азаматтар тек өз саласын жетік

меңгерген маман болуы жеткіліксіз. Ол сол саланың көшбасшысы бола білуі керек және өзі басшылық ететін сала бойынша мемлекеттің жүргізіп отырған саясатынан толық хабардар, қандай сұраққа болсын жауап беруге дайын, идеологиялық дағдыларға машықтанған тұлға болғаны дұрыс.

Қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін шиеленіс ошақтарын анықтап, ондағы қоғамның наразылығын тудыруы мүмкін мәселелерді шешуге ерекше мән беру қажет. Егер біз кез-келген мәселеге қатысты дұрыс диалогқа түсе білсек мұндай келеңсіздіктің алдын аларымыз анық.

Елдің тұрақты дамуы үшін, бірінші кезекте **қоғамдық-саяси тұрақтылықты** қамтамасыз ету маңызды.

Заманға сай қоғамның сұранысы да өзгеріп отыруы заңдылық. Баршамыз сол сұраныстар мен өзгерістерді дер кезінде сезінуіміз қажет. Кейде ең қарапайым деген мәселенің өзі бір сәтте үлкен маңызға ие болуы мүмкін.

Осы арқылы ұлттық ұстанымдар мен ерекшеліктерімізді кеңінен насихаттап, ұлттық амбицияны көтеруге алғы шарттар жасауға болар еді.

Мемлекеттік басқару жүйесінде жаңа реформалар жасау үшін ұлттық ерекшеліктерге негізделген жаңашылдықтар еңгізуге қажетті алғышарттарды айқындап алу маңызды.

Бір ғана мысал - **ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ**. Бұл билік мен қоғам арасында **ұлттық ұстанымға негізделген жаңа диалог алаңы, ашықтық пен жариялықтың** жарқын көрінісі.

«Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз екенін жақсы білесіздер. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген.

Төл тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар болған. Оның көбі халқымыз үшін маңызды кезеңде өткізілген. Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет болды. Қарақұм және Ордабасы құрылтайлары жұртымызды ел қорғауға ұйыстырды. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында Алаш партиясы құрылды. Екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды.»- деген сөзі арқылы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев, **мемлекеттік басқару жүйесінде ұлттық ұстанымдарды** ескерудің қажеттігін айқындап берді [13].

Алғашқы құрылтайда:

БІРІНШІ. Жалпыұлттық бірлікті нығайту;

ЕКІНШІ. Реформалардың мән-маңызын халыққа түсіндіру;

ҮШІНШІ. Жаңа технологиялар арқылы халықты ауқымды реформаларға қатыстыру.

Яғни барлық бағыттар халықтың талап-тілегін орындауға және мемлекеттік саясатты жүргізуде ұлттық ерекшеліктер арқылы әрекет етуге бастайды.

Көбінде «ұлттық ұстаным» десе ескеліктің жолы ретінде қарап, дамуға тежеу болады деген жансақ пікір қалыптасқан. Алайда бұл түсінік мүлде қате екендігін, керісінше негізге ала атырып заманауи технологиялар арқылы

жаңғыртуға болатындығын осы құрылтай барысында Президент көтерген жаңа бастама растады. Ең бастысы бұл біздің басқару жүйеміз үшін жат ұғым емес. Құрылтай ұғымын мемлекеттік басқару жүйесінде пайдалануды кезінде алғаш болып Алаштықтар ұсынған.

Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді.

Алаш қозғалысының лидерлері халықтың өзіндік санасын жоғары көтеріп, ұлттық бостандық идеясын ұсынды, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау бойынша бірізді бағыт ұстанды.

«Алаш» партиясының бағдарламасында көрсетілген ел басқару жүйесі, жастардың білім алуы, ұрпақ тәрбиесі, ұлттар теңдігі, азаматтардың құқы мен бостандығы жөніндегі ұстанымдар тәуелсіз қазақ мемлекетінің саясатымен сабақтас жатыр.

Алаш идеясы – ұрпақтың бойына отаншылдық пен мемлекетшілдік идеясын сіңірудің басты құралы болуы керек.

Алаш партиясының бағдарламасы бойынша «Үкімет басында Құрылтай жиналысы, оның арасында Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума белгілі мерзімге сайлаған президент тұрады» делінген.

Алаш зиялылары Құрылтай жиналысы немесе бүкіл халық сайлап қойған өкілдер жиналысы мемлекет басында тұрады деп есептеді. Бұл идеяның «негізі, халық мемлекеттегі ең жоғары күш, биліктің нағыз қайнар көзі» деген мәні бар.

Сондықтан да Құрылтай жиналысы тұрақты орган емес, ол мезгіл-мезгіл сессия түрінде жұмыс жасайды.

Себебі оның сессиялары арасында билік тұрақты орган Президенттің қол астында болады.

XX ғасырдың басында Президенттік басқарудағы мемлекеттердің әлемде санаулы болғандығын ескерсек, Алаш зиялыларының мемлекет басқару ісінде қаншама озық ойлы, тұрпатты, құқықтық мемлекет құрудың алғышарттарын жасағандықтарына көзіміз жетеді.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тетіктер өркениетті елдердің озық тәжірибелерін пайдалана отырып, өтпелі кезеңнің ерекшеліктері мен саяси, ұлттық жағдайларға байланысты қалыптасып құрылды.

Осыған қарай мемлекеттік тетіктің құрамында Президент ерекше орын алды [14].

1.3. Саяси реформалар.

Мемлекеттік басқару формасы - мемлекеттік билік ұйымын, жоғарғы мемлекеттік органдардың жүйесін мінездейтін мемлекет формаларының элементтерінің бірі.

Басқару формасы, **тар мағынада** - мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарының ұйымы дегенді білдіреді.

Ал **ауқымды мағынада** алғанда, басқару формасы - бұл мемлекеттің бүкіл органдарының өзара әрекет етуі және ұйымдасу әдісі.

Үкімет түрін, яғни басқару формасын мемлекеттік құрылым түрлерімен және мемлекеттің саяси тәртібімен шатыстырмау қажет. Бұл үшеуі біріге отырып, бір-бірін толықтыра отырып мемлекет формасын құрайды.

Мемлекет қоғам алдындағы міндеттерін сәтті жүзеге асыру үшін, бірінші кезекте өзара байланыс пен жүйелі басқару тәсілдерін тиімді пайдалану қажет.

Бұл, басқару жүйесіндегі түрлі бастамалар мен реформаларды сәтті жүзеге асырудың бірден бір кепілі.

Мысалы, елдегі жүргізіліп жатқан саясат пен идеология мәселелеріне тоқталар болсақ, бұл бағытта жоғары тұрған билік тармақтары мен жергілікті атқарушы органдардың байланысы арқылы нақты нәтижеге қол жеткізуге болады.

Себебі жергілікті қоғамның сұранысын ескеріп, нақты қажеттіліктерге байланысты ұстанымдар мен сұраныстарды айқындай алған жағдайда ғана ұтымды әрекеттер жасауға болады.

Соңғы жылдардың өзінде елімізде Президент және Үкімет бастаған саяси реформаларды ілгерілетуді және шын мәнінде демократиялық институттарды құруды қарқынды жалғастырып келеді.

Бұл қоғамға түбегейлі әсер етіп, Президент пен Парламент рөліне қатысты реформаларымен шектелмейді. Солардың ішінде негізгілерінің бірі президенттік саяси реформалар аясында Қазақстан азаматтары қала, ауыл және басқа да елді мекендердің 1 668 әкімін (жергілікті билік органдарының басшыларын) сайлады [15].

Оның 75 пайызын саяси партиялар ұсынса, қалған 25 пайызы – өзін-өзі ұсынушылар. Сондай-ақ сайланған әкімдердің 57,4 пайызы бұрын бұл қызметте жұмыс істемеген. Бұл ауыл әкімдерінің корпусы айтарлықтай жаңарды дегенді білдіреді.

Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін сайлау азаматтар үшін өз елді мекендерінің дамуына тікелей ықпал етудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Олар мемлекеттік басқару жүйесінің жұмыс істеуінің жаңа ұзақмерзімді қағидаттарын қалыптастырады, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастардың сипатын сапалы өзгертеді.

Бейбіт жиналыстар туралы жаңа заң қабылдау, сайлау және саяси партиялар туралы заңнаманы либерализациялау, сондай-ақ Конституциялық реформа есебінен саяси модельді түбегейлі жаңарту, әкімдердің тікелей сайлануын енгізу – мұның барлығы ел тұрғындарының саяси мәдениеті мен сауатын арттыруға ықпал етеді.

Мұның бәрі жергілікті мемлекеттік басқару жүйесінің одан әрі дамуына оң серпін береді, елдегі прогрессивті өзгерістер факторларының біріне айналады.

Аудан әкімдерінің сайлауы жергілікті мемлекеттік басқару жүйесіндегі елеулі институционалдық өзгерістерге әкеледі. Ол ұзақмерзімді келешекте мемлекет пен қоғам арасындағы қарым-қатынастардың сипатын анықтайтын сапалы жаңа ортаның негізін қалайды.

Әкімдерді сайлауды енгізу біртіндеп меритократия қағидатының үстемдігіне әкеледі. Яғни билікке әлеуметтік шығу тегі мен материалдық байлығына қарамастан қабілетті басқарушылар келеді. Сайлау арқылы

азаматтар өздерінің қалауларын, мүдделері мен қажеттіліктерін білдіреді, бұл аймақты тиімді басқаруға ықпал етеді.

Тұрғындар өз ауданының әкімдерін сайлауға тікелей қатысуға мүмкіндік алды.


Алғашқы ұйымдастырылған сайлауға барлығы 164 үміткер тіркелді.

Оның 42 пайызы немесе 69 үміткер саяси партиялардан, 57,92 пайызы немесе 95 үміткер өзін-өзі ұсыну арқылы сайлауға түсті.

Үміткерлердің үштен екісіне жуығы өзін-өзі ұсыну құқығын пайдаланғанын ескерсек, бұл азаматтық қоғамның белсенділігін көрсетеді және әртүрлі идея мен көзқарасты кеңінен талқылауға ықпал етеді.

Айта кету керек, бұған дейін аудандық маңызы бар қалалар, ауылдық округтер, кенттер мен ауылдар әкімдерінің сайлауында өзін-өзі ұсынғандар небәрі 25 пайызды құраған еді.

Сонымен қатар ол кездегі сайлау барысында барлық тіркелген 7 саяси партия да белсенді болды. Олар: «Ақ жол» ҚДП, «Аманат», «Ауыл» ХДПП, «Байтақ», ЖСДП, ҚКП және «Respublica». Тіркелген үміткерлердің орташа жасы 46,4 жасты құрайды. Үміткерлердің 68,27 пайызы 35 пен 55 жас аралығында. (Сурет -1)



1-сурет Инфографиканы жасаған – Зәуреш СМАҒҰЛ, «EQ»

Бір қарағанда дамыған елдердің озық тәжірибесінің кезекті үлгісі болып көрінуі мүмкін. Шындап келген бұл реформаның өзі біздің тарихи жүйемізбен тығыз байланысты.

Яғни ертеректе қалыптасқан болыс сайлауының замануи үлгісі деуге болады. Себебі белгілі бір қоғамдастықты немесе қазіргі тілмен айтқанда әкімшілік аумақты басқару жүйесінде қазақ қоғамы өз араларынан лайықты кандидатты ұсыну және ел басқару ісінде халықтың пікірімен санаса отырып

сайлау ұйымдастыру тәжірбиесін қолданған.

Болыс сайлауының ерекшеліктері:

1. Тарихи негіздемесі: Болыс басшысы, яғни болыс, ауылдарды біріктіретін әкімшілік бірліктің басшысы болып тағайындалды.

2. Сайлау процесі: Болыс сайлауы ашық дауыс беру арқылы өткізілді. Сайлауға болыстыққа кандидаттар мен ауылдық старшындар қатысты.

3. Кандидаттардың талаптары: Болыс болып сайланатын адам белгілі бір талаптарға сай болуы керек болды.

Олар:

- Қазақтың қалың мал беріп, өз бетінше үйленген болуы.

- Жеткілікті мөлшерде мүлік пен малға ие болуы.

- Өзіне сенімді, білімді, әділ және елге беделді болуы

4. Сайлау мерзімі: Болыс сайлауы белгілі бір мерзімде өткізілді, ол әдетте үш жылға созылатын болды. Сайланған болыс өз қызметін атқару мерзімінде әкімшілік, сот және басқа да функцияларды орындады.

5. Құзыреті: Болыс ауылдық округтерді басқарды, салық жинау, қоғамдық тәртіпті сақтау, және басқа да әкімшілік міндеттерді орындады. Сондай-ақ, ол сот қызметтерін де атқарды, ауылдық старшындар мен халық арасындағы дауларды шешті.

6. Әлеуметтік және саяси маңызы: Болыс сайлауы қазақ қоғамының әлеуметтік және саяси құрылымын нығайтуға, әкімшілік жүйенің тиімділігін арттыруға бағытталды. Болыс басшылары жергілікті халықтың мүдделерін қорғап, патша үкіметімен байланыста болды. (Кесте №1)

1- Кесте. Әлеуметтік және саяси маңызы

Мазмұны	Ерекшеліктері
Тарихи негіздемесі	Болыс басшысы, яғни болыс, ауылдарды біріктіретін әкімшілік бірліктің басшысы болып тағайындалды.
Сайлау процесі	Ашық дауыс беру арқылы өткізілді, сайлауға болыстыққа кандидаттар мен ауылдық старшындар қатысты.
Кандидаттардың талаптары	- Қазақтың қалың мал беріп, өз бетінше үйленген болуы. - Жеткілікті мөлшерде мүлік пен малға ие болуы. - Өзіне сенімді, білімді, әділ және елге беделді болуы.
Сайлау мерзімі	Үш жылға созылатын мерзімде өткізілді.
Құзыреті	- Ауылдық округтерді басқару. - Салық жинау. - Қоғамдық тәртіпті сақтау. - Әкімшілік және сот қызметтерін атқару.
Әлеуметтік және саяси маңызы	Қазақ қоғамының әлеуметтік және саяси құрылымын нығайтуға, әкімшілік жүйенің тиімділігін арттыруға бағытталды.
Ескертпе: автормен [1] құрастырылған	

"Мемлекеттік басқарудың ұлттық моделі" ұғымы белгілі бір елдегі мемлекеттік билікті басқару және ұйымдастыру жүйесіне қатысты.

Бұған мемлекеттік органдардың құрылымы, шешім қабылдау процестері, мемлекеттік институттардың қызметін бақылау және үйлестіру тетіктері кіреді.

Ортағасырлық қазақ мемлекеттілігі делиберативтік демократияның институционалды және институционалды емес маңызды элементтеріне ие болды. Осылайша, қазақтардың ұлттық сана-сезімінің байқалып отырған өсімі мен ұлттық менталитеттің саяси тәжірибеге ықпалы аясында делиберативтік дәстүрлердің белгілі бір тарихи сабақтастығы туралы айтуға болады [16].

Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық дамуының қазіргі жағдайындағы аса өзекті міндеттердің бірі мемлекеттік басқару тетігінің тиімділігін арттыру мәселесі болып қала береді. Осыған байланысты мемлекеттік қызметті жаңғырту мәселелері аса маңызды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін дамудың әлеуметтік бағдарланған моделін қалыптастыруға бағытталды.

Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру мәселелері Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында да көрініс тапқан: Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығымен бекітілген «адаморталық» модельді – «Адамдар ең алдымен» құру [17].

Аталған тұжырымдамаға сәйкес, бүгінгі таңда бүкіл әлем турбуленттілік, өсіп келе жатқан құбылмалылық, әлеуметтік, экономикалық және саяси дамудың белгісіздігі дәуіріне аяқ басты.

Елдердің ауқымды сын-қатерлерді енсеру барысында мемлекетке деген қоғамдық сенім, оның өзгерістерге дайындығы маңызға ие. Ұтымды мемлекеттік басқаруға, азаматтардың басқарушылық шешімдер қабылдауға қатысуына сұраныс қалыптасуда.

Мемлекет пен халықтың өзара әрекетіне әкімшілік-бақылауға негізделген мемлекеттік басқарудың қазіргі моделі халықтың сұранысына толыққанды жауап бермейді.

Нәтижесінде басқарудың қызмет көрсету және «адамға бағдарланған» моделін қалыптастыру қажеттілігі туындады.

Мемлекеттік басқарудың ұлттық жүйесінің негізгі адами ресурсы мемлекеттік қызметшілер болып табылады [18].

Талқылау және тұжырымдар

Мемлекеттік басқарудың ұлттық моделінің сипаттамалары әр елде әр түрлі болуы мүмкін, өйткені олар әр елдің тарихи, мәдени, саяси және экономикалық ерекшеліктеріне байланысты.

Мемлекеттік басқарудың ұлттық моделіне енуі мүмкін кейбір негізгі аспектілер:

1. Билік жүйесі: атқарушы, заң шығарушы және сот билігі арасындағы бөлінуді қоса алғанда, билік құрылымын анықтау.

2. Басқару принциптері: ашықтық, жауапкершілік, тиімділік сияқты басқару жүйесі құрылатын принциптерді белгілеу.

3. Құзыреттерді бөлу: орталық үкіметке, аймақтық органдарға және жергілікті органдарға қандай өкілеттіктер тиесілі екенін анықтау.

4. Шешім қабылдау механизмдері: биліктің әртүрлі деңгейлерінде шешім қабылдау процестерін ұйымдастыру, соның ішінде биліктің әртүрлі деңгейлері арасындағы өзара әрекеттесу.

5. Бақылау және қадағалау: биліктің орындалуын бақылау және заңдардың орындалуын қамтамасыз ету тетіктерін құру.

6. Азаматтық қатысу: шешім қабылдау және басқару процестеріне азаматтардың қатысу деңгейін анықтау.

Мысалдар әр елдің ұлттық құрамы мен саяси ұстанымдары байланысты өзгеруі мүмкін. Мысалы, кейбір елдерде федералды басқару жүйесі, онда билік орталық үкімет пен аймақтық билік арасында бөлінеді.

Басқа елдерде орталықтандырылған билігі бар унитарлық жүйе басым.

1.4. ҚР мемлекеттік саясатқа қатысты іске асырылып жатқан реформалардың нәтижелері бойынша салыстырмалы талдау.

Сайлау, саяси партиялар, Парламент туралы заңдарға елеулі өзгерістер енгізілді, Конституциялық Сот қайта қалпына келтірілді. Мәжілістің өкілеттігі де айтарлықтай кеңейді.

Реформалардың нәтижесінде адам құқықтарын қорғау жүйесі нығая түсті: заңдарға қазылардың тәуелсіздігін күшейтетін түзетулер енгізілді, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты толық жұмыс істеп тұр. Биліктің іс-әрекетіне жария түрде келіспеушілік білдіруге толық мүмкіндік бар [19].

Президент мемлекеттік органдардан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес, қоғамның пікірімен санасуды талап етеді.

2-Кесте. Соңғы жылдары іске асырылған ең ірі 3 саяси реформа:

№	Реформа атауы	Көрсеткіш	Нәтижесі
1	Конституциялық реформа	Елдің барлық өңірлерінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың 77,18 пайызы немесе 6 миллион 163 мың 516 адам конституциялық түзетулерді жақтап, дауыс берді.	Ата Заңның үштен біріне өзгерістер енгізілді. Олардың негізгілері: Қазақстан басқарудың суперпрезиденттік формасынан мықты парламентке ие президенттік формаға көшеді; президенттің туыстарына жоғары мемлекеттік қызметтерді атқаруға тыйым салынады; жер мен жер астындағы байлық халыққа тиесілі болады; қазақстандықтар өз бетінше Конституциялық сотқа жүгіне алады; Қазақстанда өлім жазасы болмайды; мәжілістің депутаттық

2-Кестенің жалғасы

			<p>корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша қалыптасады; сенаттағы президенттік квота қысқарады, мәжілістегі ҚХА квотасы жойылады; мажоритарлық жүйе сайлаушылардың қалауы бойынша депутаттың өкілеттігін тоқтатуға мүмкіндік береді.</p>
2	Мажоритарлы сайлау жүйесі	<p>Конституциядағы жаңа өзгерістерге байланысты енді Мәжіліс және Мәслихат депутаттарын сайлау 2 жолмен жүзеге асады. Оның бірі – пропорционалды, яғни партия атынан ұсынылса, ал екіншісі мажоритарлық жолмен сайланады.</p>	<p>2022 жылғы референдум қорытындысы бойынша Қазақстан Конституциясына енгізілген өзгерістерден кейін Мәжіліс депутаттарының 70% партиялық тізім бойынша, 30% бір мандатты округтерден сайланды.</p>
3	Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауы	<p>Алдымен облыс мәслихаттары облыс әкімінің ұсынысы бойынша аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың (облыстың әкімшілік орталығын қоспағанда) тізбесін және сайлау өтетін күнді бекітулері қажет.</p> <p>Кандидаттарды ауыл әкімдерін сайлау үдерісіндегідей, яғни тіркелген саяси партиялар және жоғары тұрған әкім ұсына алады. Егер ұсыну мерзімі аяқталған кезде бір ғана кандидат болса, оған балама ретінде облыс әкімі екінші кандидатты ұсына алады. Ал кандидаттар мүлдем болмаса, онда облыс әкімі екі кандидатураны ұсынады.</p>	<p>17 Облыстың мәслихаттары 45 аудан мен облыстық маңызы бар қалалардың тізбесін бекітті, оның ішінде үш қала және 42 аудан.</p>
<p>Ескертпе: автормен [2] құрастырылған</p>			

II-ТАРАУ. Шетелдік тәжірибе және ұсынымдар мен жүзеге асыру механизмдері

2.1. Шетелдік тәжірибе.

Әр түрлі елдерде басқарудың әртүрлі модельдері қолданылады, олардың кейбіреулері ең жақсы тәжірибелер болып саналады. Мұнда бірнеше мысалдар келтірілген:

1. Скандинавиялық басқару моделі: бұл тәсіл әлеуметтік қорғаудың жоғары деңгейімен, әлеуметтік қызметтердің кең таралуымен және мемлекетке деген сенімнің жоғары деңгейімен сипатталады. Дания, Швеция және Норвегия сияқты Скандинавия елдері тиімді әлеуметтік қамсыздандыру жүйелерімен және халықтың әл-ауқат деңгейімен танымал.

2. Германиядағы басқару моделі: Германия үкімет, жұмыс берушілер және кәсіподақтар арасындағы әлеуметтік серіктестік пен ынтымақтастық принципіне негізделген басқару моделімен танымал. Бұл еңбек қатынастары мен әлеуметтік саясат саласындағы теңдестірілген шешімдерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

3. Сингапурдағы басқару моделі: Сингапурды табысты Мемлекеттік басқарудың мысалы ретінде жиі атайды. Бұл модельдің негізгі элементтеріне сыбайлас жемқорлықты тиімді басқару, білім беру мен инфрақұрылымға инвестициялар, экономиканы дамыту және кәсіпкерлікті қолдау кіреді.

4. Швейцариядағы басқару моделі: Швейцария орталықтандырылмаған басқару жүйесімен танымал, мұнда көптеген шешімдер жергілікті деңгейде қабылданады. Бұл азаматтардың басқаруға белсенді қатысуына ықпал етеді және икемді және бейімделгіш жүйені қамтамасыз етеді.

5. АҚШ-тағы басқару моделі: АҚШ-та федералды үкімет пен штаттар арасында билік бөлінген федералды басқару жүйесі бар. Бұл әртүрлі деңгейлерде тиімді басқаруға ықпал ететін орталықтандыру мен орталықсыздандыру арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

Бұл басқару модельдері мен тәжірибелерінің нақты шарттары мен міндеттеріне байланысты әртүрлі елдерде бейімделуге және қолдануға болатын өзіндік күшті жақтары мен бірегей ұлттық ерекшеліктері бар.

Сингапурдың реформалардың ұлттық моделін қалыптастыру мен оңтайландырудағы тәжірибесі Қазақстан үшін пайдалы. Сингапур стратегиялық жоспарлау және адами капиталға, білім беру мен денсаулық сақтауға инвестициялау арқылы дамудың жоғары деңгейіне жетті.

Сингапур моделінің кейбір негізгі аспектілері:

1. Стратегиялық жоспарлау: Сингапур ұзақ мерзімді жоспарлаумен және саясатты қатаң орындаумен танымал, бұл елге өзгерістерге бейімделуге және қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді

2. Адами капиталға инвестициялар: Сингапур білікті жұмыс күшін құруға ықпал ететін білім мен кәсіби дайындықтың маңыздылығын атап өтеді.

3. Әлеуметтік-еңбек қатынастары: ел еңбек қатынастарында тұрақтылық пен үйлесімділікті қамтамасыз ете отырып, Үкімет, жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы трипартизмді қамтитын әлеуметтік-еңбек қатынастарын дамытады.

4. Цифрлық үкімет және «ақылды ұлт»: Сингапур ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды мемлекеттік басқаруға белсенді түрде енгізуде, бұл мемлекеттік қызмет көрсетуді және азаматтардың қатысуын жақсартады [20].

2.2. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ҰЛТТЫҚ МОДЕЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТ ИНСТИТУТТАР



Ескертпе: автормен [3] құрастырылған

Шешім қабылдау және мемлекет үшін маңызды бастамаларда ұлттық ерекшеліктер мен ұстанымдар ескерілуі маңызды.

Бұл үшін біздің ұлттық және тарихи ерекшеліктеріміз басты ұстанымға айналуы тиіс.

Кез-келген ұлттың салт-санасы, дәстүрі мен сұрасынстары ұлттық ұстанымға тікелей байланысты балады.

Бұл қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың бағытына, сонымен бірге әлеуметтік саясаттың негізіне айналуы тиіс.

Қазір жылдам өзгеретін уақытта мемлекеттік қызметті трансформациялау және оны қоғамға ұнамды, адамға бағытталған мемлекеттік басқарудың негізін қалау басты мақсат болуы керек.

Мемлекеттік қызметтегі басқару жүйесінің ұлттық ұстанымдарға негізделген өзгерістері қоғамды дамытудың жаңа кезеңіне қол жеткізуге мүмкіндік береді, сол арқылы стандарттар пайда болып мемлекеттік басқару жүйесін озық тәжірибеге жақындатады. Елдің тұрақты дамуы үшін, бірінші

кезекте **қоғамдық-саяси тұрақтылықты** қамтамасыз ету маңызды.

2.3. Ұсыным.

Заманға сай қоғамның сұранысы да өзгеріп отыруы заңдылық. Баршамыз сол сұраныстар мен өзгерістерді дер кезінде сезінуіміз қажет. Кейде ең қарапайым деген мәселенің өзі бір сәтте үлкен маңызға ие болуы мүмкін.

Сол себепті, алдағы уақытта келесі мәселелерге басымдық беруді **ҰСЫНАМЫН:**

Бірінші, жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік мекемелердің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында қолда бар құралдарды тиімді пайдалану. Яғни әкімдік жанындағы түрлі бағыттағы кеңестер мен комиссиялардың құрамын қайта қарап, консультативтік-кеңесші органдарға сол мәселенің мәнісін жақсы түсінетін және нақты ұтымды ұсыныс енгізе алатын эксперттерді тарту;

Екінші, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін шиеленіс ошақтарын анықтап, ондағы қоғамның наразылығын тудыруы мүмкін мәселелерді шешуге ерекше мән беру қажет. Егер біз кез-келген мәселеге қатысты дұрыс диалогқа түсе білсек мұндай келеңсіздіктің алдын аларымыз анық.

Үшінші, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру және оның дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында тиісті Заңнамаларға сәйкес жұмыс жасау және осы бағытта жергілікті жердегі тіл жанашырлары мен мамандарды белсенді тарту.

Сонымен қатар, қала, аудандардағы ономастикалық жұмысшы топтардың жұмысын сапалы ұйымдастыру және арнайы Жол картасына сәйкес идеологиялық тұрғыдан ескірген атауларды жаңарту бойынша жұмыс жасау.

Төртінші, бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуетін тиімді пайдалану. Қазіргі таңда, азаматтар өзіне қажет ақпаратты ресми БАҚ құралдарынан емес, әлеуметтік желілерден алуға көп бейім тұрады. Себебі, ресми ақпарат көздері қоғам тарапынан көтерілетін өзекті мәселелерге байланысты толыққанды түсіндірме беру үшін, қажетті ақпараттарға қол жеткізуде қиындықтар туындайтыны жасырын емес. Сол себепті қоғамдық резонанс туындағаннан кейін емес, керісінше ресми БАҚ құралдары арқылы сол мәселелердің шығу себебі мен шешілу жолдарын алдын-ала ақпараттандырған жөн деп санаймын. Осы арқылы әлеуметтік желіде теріс бағыттағы материалдарды болдырмауға және ресми БАҚ құралдарының мәртебесін, сұранысын арттыруға мүмкіндік береміз.

Бесінші, азаматтық қоғамды дамыту мақсатында Үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық кеңестер, белсенділер, жастар өкілдерімен тек жұмыс барысында емес, кез-келген мәселе бойынша ойласып шешім шығаратын жағдайдағы тығыз әріптестік қарым-қатынас қалыптастыру. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзеге асырылатын жобаларға азаматтық қоғам белсенділерін көптеп тарту және барлық шаралар тек есеп үшін емес, адресті түрде ұйымдастырылуы қажет. Осы арқылы ұлттық ұстанымдар мен ерекшеліктерімізді кеңінен насихаттап, алғы шарттар жасауға болар еді санаймыз.

Шешім қабылдау кезінде ұлттық ұстаным мен жаңа реформалардың моделін қалыптастыру үшін қолда бар институттарды пайдалану, әсіресе жергілікті қоғамдастықтың жиындары мен Қоғамдық кеңестерді пайдалану қажет.



Ескертпе: автормен [4] құрастырылған

Мемлекеттік қызметкерлердің сапасы мен өнімділігін арттыру мақсатында сатылап өсу, яғни, **меритократия қағидатын** берік ұстану.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметте сатылап өсуі өте қиын. Көбіне бір салада ұзақ жылдар қызмет жасаған мамандардың жұмыстан кетуіне осы жағдай себеп болып жатады.

Себебі жылдар бойы жинақтаған тәжірибе мен еңбек өтіліне қарамастан, салаға қатысы жоқ басқа қызметкерлердің жоғары тұрған лауазымға тағайындалуы білікті кадрлардың болашағына деген сенімсіздік тудырып, күйзеліске ұшыратып жатады.

Сәйкесінше кадырлық тұрақсыздық орын алып, өнімділіктің төмендеуіне және институционалды жадының сақталмауына әкеліп соқтырады.

Мемлекет ішкі тәртіп пен сыртқы қауіпсіздіктің бекемденуі негізінде қалыптасқан ұйымның ерекше түрі іспеттес. Өздеріңізге белгілі, әрбір мемлекеттің алға қойған мақсаты мен міндетіне жетуін қамтамасыз ететін басқару аппараты болады. Басқару аппаратының қалыптасу кезеңдеріне сараптамалық шолу кадрлық жұмыстар жүйесі құрылуының негізгі тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді.

Әлемдегі мемлекеттердің даму тарихына талдау көрсеткендей, кадрларды іріктеуге, жалдауға және ынталандыруға ерекше көңіл бөлінген. Кадрлық жұмыстардың негіздері алғашқы мемлекеттердің қалыптасуымен сәйкес келеді, оған дәлел инктер қаласы, Мысыр пирамидалары және тағы басқалары. Қалалардың құрлысы мен тұрғызылуы сөзсіз басқару аппаратының болуын талап етті, яғни арнайы органдар, бөлімшелер, қызметтер, мемлекет масштабындағы басқару функцияларын орындайтын ерекше разрядтағы тұлғалар, кәсіби басқарушылар.

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби басқа кәсіп иелерінен қоғамдық маңыздылығына сәйкес ерекшеленеді, себебі мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігінің нәтижесінен мемлекет пен қоғам дамуы көрініс табады [21].

Жалпы реформалау кезінде өзге елдің жүйесін толық көшіріп алу мәселесіне тоқталсақ. Әр елдің өзіне тән тарихи, мәдени, экономикалық және әлеуметтік ерекшеліктері бар.

Бір елдің тиімді жұмыс істейтін жүйесі басқа елде қажетті нәтижеге жетпей қалуы мүмкін. Дегенмен, басқа елдердің тәжірибесін зерттеу және олардың тиімді тәжірибелерін бейімдеп қолдану пайдалы болуы мүмкін [22].

Мұнда бірнеше себептер мен ұсыныстар бар:

НЕЛІКТЕН ТОЛЫҚ КӨШІРІП АЛУ ДҰРЫС ЕМЕС:

1. Ұлттық ерекшеліктер: Әр елдің өзіне тән тарихи, мәдени және әлеуметтік ерекшеліктері бар, оларды ескермеу реформалардың сәтсіздігіне әкелуі мүмкін.

2. Экономикалық жағдай: Экономикалық даму деңгейі, ресурстар мен мүмкіндіктер әр елде әртүрлі. Басқа елдің жүйесі өз елінің экономикалық жағдайына сәйкес келмеуі мүмкін.

3. Саяси және құқықтық жүйе: Әр елдің саяси құрылымы мен құқықтық жүйесі де өзгеше. Бұл факторлар реформалардың табысты жүзеге асуына айтарлықтай әсер етеді.

ҚАНДАЙ ТӘСІЛ ТИІМДІ:

1. Үздік тәжірибелерді зерттеу: Өзге елдердің реформалардағы үздік тәжірибелерін зерттеу және олардан сабақ алу маңызды. Бұл өз елінің қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес келетін тиімді тәсілдерді таңдауға мүмкіндік береді.

2. Бейімделу және икемділік: Өзге елдердің жүйелерін толық көшірмей, оларды өз елінің жағдайына бейімдеу қажет. Бұл ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, реформаларды тиімді жүзеге асыруға көмектеседі.

3. Пилоттық жобалар: Жаңа реформаларды енгізу алдында пилоттық жобаларды іске асыру арқылы олардың тиімділігін тексеру. Бұл нақты жағдайларға бейімделген түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

4. Сарапшылар мен кеңесшілер: Халықаралық сарапшылар мен кеңесшілердің көмегіне жүгіну арқылы реформалардың тиімділігін арттыру. Олар өз елдерінде қолданылған тәжірибелер туралы нақты ақпарат пен кеңестер бере алады.

5. Қоғамдық пікір және қатысу: Реформаларды жоспарлау және жүзеге асыру барысында қоғамның пікірін ескеру және азаматтық қоғамды белсенді қатыстыру маңызды. Бұл реформалардың қоғам тарапынан қолдау табуына көмектеседі.

Қорытындылай келе, реформалау кезінде өзге елдің жүйесін толық көшіріп алу орнына, олардың тиімді тәжірибелерін зерттеп, өз елінің ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеп қолдану тиімдірек. Бұл тәсіл реформалардың сәтті жүзеге асуына және қоғамның қолдауына ие болуына ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ұлттық идея дүниетанымдық бағдардағы құндылықтар жүйесіне негізделеді.

Саяси үдерісте ұлттық идея халықтың интеграциясы мен идентификациясы функциясын, оның тарихи өмір сүруінің мұратын анықтау, биліктің заңдылығы, насихаттаушы және топтастырушы қызметтерді орындайды.

Ұлттық идея саяси идеология, миф және утопия сынды рухани-саяси өмірдің қырларымен астасып жатады және бұл құбылыстар құндылықтардың қайта қаралып, әлеуметтік реконструкция орын алатын өтпелі кезеңдер мен дағдарыстық кезеңдерде көп байқалады.

Мұның мысалын социалистік кеңестік жүйенің күйреп, нарықтық қатынастармен сипатталатын капиталистік жүйеге көшу барысындағы қазақстандық қоғам мен мемлекеттің өтпелі кезеңде қабылдаған ресми құжаттарынан - конституциялардан, саяси партиялардың бағдарламаларынан, сондай-ақ мына стратегиялар мен тұғырнамалардан аңғаруға болады: «Егеменді мемлекет ретіндегі Қазақстанның қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» (1992 ж.), «Қоғамның идеялық топтасуы — Қазақстан прогресінің шарты» (1993 ж.), «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру» (1994 ж.), «Қазақстан Республикасында мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыру» (1996 ж.), «Еуразиялық Одақ" жобасы (1994 ж.), «2030 жылға дейінгі Қазақстанның стратегиялық дамуы» (1997 ж.), «Қазақстанның әлемдегі анағұрлым бәсе-кеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру стратегиясы» [23].

Қазақстандағы ұлттық идеяның негізгі бағыттары төмендегідей:

1. **Ұлттық бірлік:** Қазақстандағы барлық этностардың арасындағы ұлттық бірлік және өзара түсінікті жақсарту.
2. **Әлеуметтік әділет:** Әлеуметтік әділетті қамтамасыз ету, барлық азаматтарға тең шарттар мен мүмкіндіктер қамтамасыз ету.
3. **Экономикалық әл-ауқат:** Қазақстандағы барлық азаматтардың экономикалық әл-ауқатын жақсарту, жұмыс орындарын құру және білім саласын дамыту.
4. **Тәуелсіздік:** Қазақстанның саяси және экономикалық тәуелсіздігін сақтау, халықаралық аренада өз қызметін жүзеге асыру.
5. **Рухани даму:** Қазақстан халқының мәдениетін, тілін, тарихын және әдебиетін дамыту, жастарға ұлттық мәдениеттің маңызын түсіндіру.

Бұл бағыттар Қазақстандағы ұлттық идеяның негізін құрады және олардың барлығы бірге қазақ халқының дамуына үлес қосады [24].

«Басқарудың ұлттық моделі» термині, жалпы алғанда, белгілі бір елдің тарихи, мәдени, экономикалық және саяси ерекшеліктеріне негізделген мемлекеттік басқару жүйесін білдіреді. Әр елдің өзіндік басқару моделі болады, ол оның ұлттық бірегейлігін, құндылықтарын және даму мақсаттарын көрсетеді.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеуде әртүрлі институттар мен құрылымдар қажет. Олар қоғамның әртүрлі топтарын қамтиды және әртүрлі тәсілдермен жұмыс істейді. [25]

Ұсыныс ретінде кейбір негізгі институттар мен құрылымдар:

1. Білім беру мекемелері.

Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды жас ұрпаққа жеткізу және білім беру жүйесіне енгізу.

Функциялары:

- *Мектептер мен жоғары оқу орындарында ұлттық тарих, мәдениет және тіл бойынша арнайы пәндер енгізу.*

- *Мектептерде патриоттық тәрбие бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру.*

- *Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін оқулықтар мен оқу құралдарын жасау.*

2. Мәдениет орталықтары мен мұражайлар.

Мақсаты: Ұлттық мәдениетті сақтау және насихаттау.

Функциялары:

- *Ұлттық өнер, музыка, әдебиет және қолөнер бойынша көрмелер мен іс-шаралар ұйымдастыру.*

- *Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру.*

- *Ұлттық мерекелер мен дәстүрлерді насихаттайтын іс-шаралар өткізу.*

3. Қоғамдық ұйымдар мен қорлар (ҮЕҰ).

Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды қорғау және дамытуға бағытталған бастамаларды қолдау.

Функциялары:

- *Ұлттық мәдениетті дәріптейтін жобаларды қаржыландыру және қолдау.*

- *Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру.*

- *Қоғамдық пікірді қалыптастыру және ұлттық құндылықтарды талқылауға арналған алаңдар құру.*

4. БАҚ (Бұқаралық ақпарат құралдары).

Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды кең аудиторияға жеткізу және насихаттау.

Функциялары:

- *Ұлттық құндылықтар туралы бағдарламалар мен мақалалар жариялау.*

- *Ұлттық тарих пен мәдениетке арналған арнайы жобалар әзірлеу.*

- *Ұлттық тұлғалар мен оқиғалар туралы деректі фильмдер түсіру.*

5. Жастар ұйымдары мен клубтар.

Мақсаты: Жастар арасында ұлттық құндылықтарды насихаттау және патриоттық тәрбие беру.

Функциялары:

- *Жастарға арналған патриоттық іс-шаралар мен жобалар ұйымдастыру.*

- Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін клубтар мен үйірмелер құру.
- Жастарды ұлттық жобаларға тарту және белсенділігін арттыру.

6. Діни ұйымдар.

Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды дін арқылы насихаттау және рухани тәрбие беру.

Функциялары:

- Діннің ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі рөлін түсіндіру.
- Діни мерекелер мен рәсімдер арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау.
- Рухани және моральдық тәрбие беру бағдарламаларын әзірлеу.

7. Корпоративтік сектор.

Мақсаты: Әлеуметтік жауапкершілік аясында ұлттық құндылықтарды қолдау және насихаттау.

Функциялары:

- Ұлттық мәдениетті қолдайтын корпоративтік бағдарламаларды іске асыру.
- Мәдени және білім беру жобаларына демеушілік жасау.
- Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін корпоративтік іс-шаралар ұйымдастыру.

8. Қоғамдық кеңестер мен форумдар.

Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды талқылау және дамытуға арналған алаңдар құру.

Функциялары:

- Қоғамдық пікірталастар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру.
- Ұлттық құндылықтарды дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу.
- Мемлекеттік саясатқа ұлттық құндылықтарды енгізу бойынша кеңес беру.

Бұл институттар мен құрылымдар ұлттық құндылықтарды дәріптеуде әртүрлі бағыттарда жұмыс істеп, қоғамның барлық салаларын қамтуға мүмкіндік береді. Олардың өзара әрекеттесуі ұлттық құндылықтарды тиімді насихаттауға және сақтауға көмектеседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы. URL://<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000522>. Жүгінген күні: 15.12.2023 ж.
- 2 Қазақстандағы реформалар: ниеттен іс-әрекетке. Президенттің жаңа курсы....URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/mfazagreb/press/news/details/170060?lang=ru>. Жүгінген күні: 26.01.2024 ж.
- 3 "Қазақстан-2050" Стратегиясы шеңберінде білім беру саласындағы басымдықтар. URL: <https://articlekz.com/article/11173>. Жүгінген күні: 26.01.2024 ж.
- 4 Ғалым, саясаттану ғылым докторы Ж.Қуаныш: Мемлекетті басқарудың жаңа моделі. URL:<https://egemen.kz/article/271038-memleketti-basqarudynhdganha-modeli>. Жүгінген күні: 26.02.2024 ж.
- 5 Әбішев Ғ.С. «Ұлттық құрылтай жұмысының саяси аспектісі» тақырыбындағы талдау баяндамасы/Астана, «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, 2023 – 4 бет;
- 6 Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру мәселелері. А.Н. Оспанова, Е.Б. Ахметов, М.К. Журунова. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ: URL:https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34059595&pos=6;-108#pos=6;-108. Жүгінген күні: 26.01.2024 ж.
- 7 Турчинов А.И. Мемлекеттік басқару университетінің ректораты жанындағы Кеңесші, Ресей Федерациясының еңбек сіңірген ғылым қайраткері URL: <https://www.exclusive.kz/expertiza/politika/12440/>. Жүгінген күні: 26.01.2024 ж.
- 8 Қазақстандық ұлттық идея – билік жүйесінің қозғаушы күші. URL: <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9050>. Жүгінген күні: 26.01.2024 ж.
- 9 «Ерлан Қарин: Біздің алдымызда ЖАСАМПАЗДЫҚҚА негізделген мақсат-міндеттер тұр». URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/erlan-karinas-svoya-vnutrennyaya-sozidatelnaya-povestka-511859/. Жүгінген күні: 15.02.2024 ж.
- 10 ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ Стратегиялық талдау бөлімі. URL: <https://kisi.kz/kazakstanda-halyk-unine-kulak-asatyn-memleket-tuzhyrymdamasyn-iske-asyru/>. Жүгінген күні: 15.02.2024 ж.
- 11 Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының ресми сайты. URL: <https://kisi.kz/ideologiyalyk-egemendik-memlekettiliktin-negizi/>. Жүгінген күні: 15.02.2024 ж.
- 12 ҚР Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы №735 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары».

13 «Ұлттық құрылтай – қоғамдық диалогтың жаңа моделі»: URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/press/news/details/360961?lang=kk>. Жүгінген күні: 26.12.2023 ж.

14 «Алаш» идеясының өзектілігі және ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамында жаңғыртылуы. Азамат Әбілдаев, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты. Ана тілі газеті - 22 Желтоқсан, 2012 жыл. URL: anatili.kazgazeta.kz/news/11410. Жүгінген күні: 15.01.2024 ж.

15 «Қазақстандағы саяси реформалар» Ник ПАУЭЛЛ, EuReporter сайты. Аударма - 01 Қыркүйек, 2023 жыл. Егемен Қазақстан басылымы. URL: <https://egemen.kz/article/348132-qazaqstandaghy-sayasi-reformalar>. Жүгінген күні: 26.02.2024 ж.

16 «Ұлттық құрылтай жұмысының саяси аспектісі» тақырыбындағы талдау баяндамасы/Астана, «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, 2023 – 21 бет;

17 Мемлекеттік басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы.... URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000522>. Жүгінген күні: 26.02.2024 ж.

18 Қазақстандағы реформалар: ниеттен іс-әрекетке. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа курсы. URL: <https://www.akorda.kz/kz/reforms>. Жүгінген күні: 26.02.2024 ж.

19 Қадырбаев, М. Қазақстандағы құқықтық реформалар. Астана: Юрист баспасы. URL: <https://example.com/кадырбаев>; Жүгінген күні: 15.01.2024 ж.

20 Мемлекетті басқару теориясы, URL: <https://stud.kz/umkd/id/16524>. Жүгінген күні: 15.01.2024 ж.

21 Мемлекеттік қызметті жетілдіру бойынша халықаралық тәжірибе. URL: <https://example.com/халықаралық>. Жүгінген күні: 26.02.2024 ж.

22 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №318 Жарлығы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2300000318>. Жүгінген күні: 25.12.2023 ж.

23 Әлжанов, Қ. (2020). Қазақстанның экономикалық даму стратегиялары. Астана: ҚР Экономика министрлігі. URL: <https://example.com/алжанов>. Жүгінген күні: 25.12.2023 ж.

24 Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми сайты. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam?lang=kk>;

25 Мемлекет басшысының «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласы. URL:https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-ult-zhospary-kazakstandyk-armanga-bastaityn-zhol-makalasy. Жүгінген күні 4.03.2024 ж.

ҚОСЫМШАЛАР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН «ИДЕЯЛАР ФАБРИКАСЫ» АЯСЫНДА МАГИСТРЛІК ТАҚЫРЫПТЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ.

№	Тақырыбы	Жобаның мәні	Идея авторы
Күні: 5 сәуір 2024 жыл			
1	Жоба "Мемлекеттік саясаттағы реформалардың ұлттық моделін қалыптастыру және оңтайландыру"	<p>Бастама: Шешім қабылдау және мемлекет үшін маңызды бастамаларда ұлттық ерекшеліктер мен ұстанымдарды ескеру.</p> <p>Мақсаты: Біздің ұлттық және тарихи ерекшеліктеріміз басты ұстанымға айналуы тиіс. Кез-келген ұлттың салт-санасы, дәстүрі мен сұрасынстары ұлттық ұстанымға тікелей байланысты болады.</p> <p>Қазіргі таңда мемлекеттік басқару бағытында қолданыстағы тәсілдердің басым бөлігі әлемдік тәжірибенің үлгісінде немесе белгілі бір елдің реформаларының көшірмесі. Сол себепті өзіміздің төл тәсілін қарастыру.</p> <p>Миссия: Еліміздің ұлттық ерекшеліктері мен халықтың сұранысын ескере отырып басқарудың Қазақстандық, яғни, ұлттық үлгісін, жаңа моделін қалыптастыру.</p> <p>Тапсырмалар:</p>	<p>Каюпов Руслан Мұхамедәліұлы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік Басқару академиясының «7М04105 - Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасының (МРР-2022) тобының 2 курс магистранты, r.kayupov@apa.kz</p>

		<p>Соңғы жылдары елімізде орын алған түрлі жағдайлар мен қоғамдық-саяси маңызды оқиғаларға байланысты, халықтың билік өкілдеріне деген көзқарасы және талабы айтарлықтай өзгерді. Оның ішінде сенім деңгейі мен ерекше жоғары талаптағы сұраныстың артқандығын байқауға болады.</p> <p>Бұл еліміздегі қоғамдық сананың бір сілкініс жасап, азаматтық қоғамның жаңаша дамуына түрткі болғаны сөзсіз. Сәйкесінше жоғары лауызымды тұлғалардан бастап, қарапайым мемлекеттік қызметкерлердің қоғамның сұранысы мен талабына сай әрекет етудің маңыздылығын арттыра түсті. Ол үшін мемлекеттік қызметтегі азаматтар өзін жан-жақты қайта дамытуға, жаңаша ойлап, жаңа қадамдар жасауға қарқынды әрекет етуі қажет.</p> <p>Мүдделі тараптар: ҚР Президент Әкімшілігі, ҚР Үкіметі, ҚР Парламенті (Сенат және Мәжіліс), ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Үкіметтік емес ұйымдар.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Көбінде «ұлттық ұстаным» десе ескеліктің жолы ретінде қарап,</p>	
--	--	---	--

		<p>дамуға тежеу болады деген жансақ пікір қалыптасқан. Алайда бұл түсінік мүлде қате деп санаймын, керісінше ұлттық ұстанымдарды негізге ала отырып заманауи технологиялар арқылы жаңғыртуға болады.</p> <p>Заманға сай қоғамның сұранысы да өзгеріп отыруы заңдылық. Баршамыз сол сұраныстар мен өзгерістерді дер кезінде сезінуіміз қажет. Кейде ең қарапайым деген мәселенің өзі бір сәтте үлкен маңызға ие болуы мүмкін.</p> <p>Осы арқылы ұлттық ұстанымдар мен ерекшеліктерімізді кеңінен насихаттап, ұлттық амбицияны көтеруге алғы шарттар жасауға болар еді санаймыз.</p> <p>Мемлекеттік басқару жүйесінде жаңа реформалар жасау үшін ұлттық ерекшеліктерге негізделген жаңашылдықтар еңгізуге қажетті алғышарттарды айқындап алу маңызды.</p>	
--	--	---	--

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА НЫСАНЫ

Жоба авторы: Каюпов Руслан Мұхамедәліұлы
Ғылыми жетекші: Гаипов Зұлпыхар Сұлтанұлы

Жоба идеясы	Мемлекеттік саясаттағы реформалардың ұлттық моделін қалыптастыру және оңтайландыру.
Проблемалық жағдай (кейс)	Қазақстанда мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру қажеттілігі туындады. Бұл қажеттілік халықтың мемлекеттік басқару жүйесіне деген сенімін арттыру, мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсарту және қоғамдық қатынастарды жетілдіру қажеттілігінен туындап отыр.
Аталмыш проблеманың қазірде бар шешімдері	Еліміздегі 2019 жылдан бастау алған мемлекеттік басқару саласындағы реформалар қоғам өміріне бірқатар серпіліс берді. Қазақстанда мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілген. Бұл тұжырымдама мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыруды қарастырады. Ол халық үніне құлақ асатын, әділ, тиімді, ашық, қоғамның сұранысына жедел ден қоятын, есептілікті қамтамасыз ететін модельді қарастырады.
Аталмыш проблеманың ұсынылатын шешімі	Мемлекеттік саясаттағы реформалардың ұлттық моделін қалыптастыру және оңтайландыру тақырыбында зерттеудің мақсаты мен міндеттері қазіргі таңда өте маңызды. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты - мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру және оңтайландырудың жолдарын анықтау, олардың әрекеттілігін тексеру және олардың қоғамдық өнімділікке қолдауын бағалау. Ол өз кезегінде төмендегідей міндеттері қамтамасыз етеді: <ul style="list-style-type: none">• Мемлекеттік басқарудың жаңа моделінің құрылымын, қызмет көрсету стандарттарын және қызмет көрсету процесстерін зерттеу.• Ұлттық Құрылтай жұмысын жетілдіру және оны зор ықпалға ие саяси институт ретінде дамыту;• Мемлекеттік басқарудың жаңа моделінің қолданылуын және оның әрекеттілігін жақсарту үшін ұсыныстар әзірлеу.
Күтілетін нәтиже	Қызмет көрсету сапасын жақсарту, жоспарлаудың стратегиялық тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтер көрсетудің ұлттық ұстанымдарға негізделген жаңаша форматына өтуді қамтамасыз етеді. Мемлекеттік басқарудың жаңа моделі қоғамның сұранысына жедел ден қоятын, есеп беретін модель болуы тиіс. Бұл модель мемлекеттік басқарудың қолданыстағы тетіктерін жаңғырту мен жаңаларын құруға бағытталады.

	<p>Жаңа ұлттық ұстанымдарға негізделген үлгісін, мемлекеттік басқару жүйесін дамытудың бірыңғай саясатын қалыптастыру, мемлекеттік аппараттың кәсібилігі мен тиімділігін арттыру, халыққа сапалы мемлекеттік қызметтерді бағдарлау, мемлекеттік аппарат қызметінде жариялылық, ашықтықты қамтамасыз ету.</p> <p>Бұл жоба мемлекетті басқарудың жаңа моделін қалыптастыру және оңтайландырудың жолдарын анықтауға бағытталған. Ұсынылған шешімдер мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға және халықтың мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.</p>
Әдебиет	<p>1) ҚР Президентінің ресми сайты. URL:https://www.akorda.kz/ru</p> <p>2) ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми сайты. URL:https://www.gov.kz/memleket/entities/culture?lang=kk</p> <p>3) Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы. URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000522.</p>